



Алаштың айбыны - БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ




3-бет

«Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар, Азамат ердің баласы аз ұйықтар да, көп жортар»


5-бет

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ОЗДЫРЫЛДЫ



6-бет

СТУДЕНТТІК өмірге саяхат



8-бет

Алғашқы сессия: қалай дайындаламын?

13-бет

1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде еліміз өзінің Тұңғыш Президентін сайлады және осы күннен Тәуелсіздік тарихы басталды.

1991 жылдың 16 қазанында Жоғарғы Кеңес «Қазақ ССР Президентін сайлау туралы» заң қабылдады. Осы заңмен бірге 1991 жылдың 1 желтоқсанын Қазақ ССР Президентін сайлау күні ретінде белгілеген қаулы шықты. Осылайша Қазақстан тарихында тұңғыш рет Республика басшысын жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдауға жағдай жасалды.

1 желтоқсан күні - ел тарихындағы тұңғыш жалпыхалықтық сай-



1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні

лауға қатысқан халықтың 98,78 пайызы Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беріп, Мемлекет басшысы ретінде таңдалды. 5 желтоқсан күні Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың соңғы қорытындысын жариялады. Ол бойынша республикадағы 21 сайлау округіндегі сайлаушылар тізіміне 9 961 242 азамат енгізілген. Оның ішінде сайлауға 8 788 726 адам немесе 88,23% қатысты. Сайлау нәтижесі бойынша 8 681 276 адам

Нұрсұлтан Назарбаевты қолдап дауыс берген, бұл - сайлауға қатысушылардың 98,78 пайызы. Осылайша, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев барша халық сайлаған Қазақстанның Президенті мандатын тұңғыш рет иеленді.

Тұңғыш Президент қызметіне ресми кірісуі мен Елбасының ант беру рәсімі 1991 жылдың 10 желтоқсанында өтті.

2011 жылғы 14 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан

Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды, онда 1 желтоқсанда атап өтілетін жаңа мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін белгілеу көзделген болатын.


Елбасы күні қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуының маңызды кезеңін айқындайды.

Үздік ВОЛОНТЕР

БҚО қоғамдық-шараларына белсенді қатысып, волонтерлар қозғалысының дамуына үлес қосқаны үшін Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті Арсен Мусағалиев «Үздік волонтер» аталымымен марапатталды.



Арсен Талғатович - Педагогика факультеті Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенті. «Орал Жастары» волонтерлық қозғалысының көшбасшысы. Грек-рим күресінен ҚР СШҰ. Дене шынықтыру пәнінен студенттер арасында өткізілген Халықаралық олимпиаданың 1-орын иегері. Сондай-ақ, Арсен университет қабырғасында да белсенділігімен көзге түсіп, университет ректоры Н.Х.Серғалиевтің Алғыс хатымен марапатталған. Әр жылдары қала әкімі Абат Шыныбековтың, облыс әкімі Ғали Есқалиевтің Алғыс хатымен марапатталып келеді. Биыл «Үздік волонтер» атанған Арсен 2019 жылы да «Үздік Эко-Волонтер» номинациясын иеленген болатын. Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Болашаққа жол өзіңнен басталады» семинар-тренингіне қатысып, Алғыс хатқа ие болған ол жақында ғана Нұр-Сұлтан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен өткен «Birgemiz» Республикалық волонтерлік фронт-офисіне қатысып келді.



Арнайы кездесу ұйымдастырылды

Қараша айының 4-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультеті Құқықтану кафедрасының оқытушылары Рамазанова Гулнар Айбекқызы мен Отеуова Ақжамал Қадыржанқызының ұйымдастыруымен «Құқықтану» мамандығының 4-курс студенттерімен «Сот сараптамасы» пәнінен арнайы кездесу ұйымдастырылды.



Кездесу Сот медициналық сарапшысы Бисембаев Бауыржан Иргалиевичпен «Zoom» арқылы өткізілді. Сарапшы қонағымыз 4-курс студенттеріне сот сарапшысының жұмысы, міндеттері мен құзыреттілігі, сараптама түрлері, сараптама тақырыбы, сараптамалық зерттеу кезеңдері, сарапшының пікірін бағалау туралы түрлі қызықты тақырыптарды қамтыды. Студенттеріміз өздерінің көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, кездесу өте жоғары деңгейде өтті.

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫ КӨЗДЕГЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ашық диалог форматында білім беруді дамыту мәселелерін талқылау жиыны өтті. Жиын «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫ СҰРАҚТАРЫ» тақырыбына арналды.

Басқосу барысында университеттің профессор-оқытушылар құрамы, білім саласының ардагерлері аталмыш тақырып аясында ой өрбітіп, өз пікірлерін білдірді. Сонымен қатар жиынға қатысушылар елдегі білімді мамандар мен білікті кадрлар дайындау және осы білім беру үрдістерін дамыту бағытындағы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жүктеген тапсырмасының орындалу барысы, атқарылған және жетілдіруді қажет ететін бірқатар жұмыстар жөнінде ұсыныс-талаптарын ортаға салды.

Қазіргі ахуалға байланысты елдегі ЖОО-дары қашықтан білім беру форматына көшкені баршаға мәлім. Сәйкесінше, оқытушы мен студент арасында өзара байланыс орнатуы және қашықтан берілген білім

сапасының деңгейі, т.б. мәселелер қозғалды.

Жиынға қатысушы, білім беру саласының ардагері Шалқыма Құрманалина өз сөзінде:

-Білім саласын жақсарту мұғалімдерден басталатын жерде, болашақ мұғалімдерді дайындайтын осы оқу орнының өзіндік тәжірибесі бар, өзіндік бет-бейнесі бар, атқарылып жатқан істері бар, бірақ қазіргі кездегі оқыту жағдайын білу үшін, түсіну үшін, қашықтан оқыту форматындағы әдіс-тәсілдерді есту үшін, көру үшін, тыңдау үшін осы жерге келдім, -деп ашық ой-пікірін білдірді.

Бұдан бөлек жиында ағымдағы оқыту форматында қажетті мүмкіндіктерді қолдану, әдіс-тәсілдердің тиімділігі де сөз болды.



«Қазақстан студенттерінің Альянсы» республикалық студенттер қозғалысының ұйымдастыруымен студент жастардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге жәрдемдесетін және Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді қатысатын республикалық ұйым ретінде Ақпарат және қоғамдық даму Министрлігі мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен 2020 жылы «Жастардың өзін-өзі басқару органдары жүйесін дамыту» жобасы іске асырылуда.

Жастардың өзін-өзі басқару органдары жүйесін дамыту


Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту университеттегі білім беру және тәрбие жұмысын жақсарту шарттарының бірі. Бүгінгі таңда студенттердің өзін-өзі басқару саласында Қазақстан Үкіметі, ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан да, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан да көп нәрсе жасалды және жасалып та жатыр.

Осындай іс-шаралардың бірі - 2020 жылдың 6-7 қараша аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өткен

Жастар ісі жөніндегі комитетінің II шақырылымы және Қазақстан студенттері Альянсының XVII шақырылымы. Осы шараға университетіміздегі Жастар ісі жөніндегі комитеттің мүшесі, студенттік ректор Мендешұлы Жандос арнайы қатысып қайтса, университеттің өзге де белсенді студенттері онлайн түрде қатысқан болатын. Мұндай шаралар жастарды қолдауда, ізгі шаралар ұйымдастыруға ұйытқы болуға, олардың тұлға боп қалыптасуларына, өзгеге қамқор болуға,



іскерлік қабілеттерін шыңдауға, жаңашылдыққа ұмтылуға оң әсерін тигізері сөзсіз.



The advanced training course “English Language teaching methodology and content development of online classes” was organized with the support of the Department of Higher and Postgraduate Education of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan together with the US Embassy in Kazakhstan. The classes were conducted by an experienced

specialist in the field of teaching English as a foreign language - Graham Derry. Advanced training, which took place from September 15 to October 30, included studying modern online technologies for teaching English, teaching critical thinking for students, communication methodology, paired and group work in ZOOM (breakout rooms) program, CLIL, student-centred

Department of International Relations and Multilanguage study congratulates the colleagues from the Department of Foreign Languages on a successful completion of a 20-hour virtual training on “English Language teaching methodology and content development of online classes”, and finally receiving certificates!!!

Virtual training on English Language teaching methodology and content development of online classes

training, as well as practical classes on creating Google forms and documents available in online format; working with Quizlet, Flipgrid, etc. At the end of the training course, each teacher defended his project by demonstrating his own online site created during the course. The project defence and educational process was conducted in English.

Алаштың айбыны - БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Биыл Бауыржан Момышұлының дүниеге келгеніне 110 жыл толды. Осы орайда 4 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультеті ҚР тарихы кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Алаштың айбыны-Бауыржан Момышұлы» тақырыбында ашық кураторлық сағат оздырылды.

Шара барысында Ист-41 тобының кураторы М.Г.Дюсенғалиева мен Истр-11 тобының кураторы А.Г.Есеналиннің бастамасымен 1 және 4-курс студенттерінен топтасқан баяндамашылар тобы өздерінің жұмыстарымен таныстырды. Батыр Бауыржанның балғын шағынан басталып, соғысқа дейінгі шиеленісті өмір жолымен жалғасып, сұрапыл соғыс майданындағы аңызға бергісіз ерліктері кеште тағы бір мәрте айтылып, майданнан кейінгі игілікті өмір жолындағы қаламынан туған іргелі еңбектері таныстырылды.

Жиын соңында қатысушылар ерлік пен өрліктің символына баланған батыр Бауыржан тақырыбында қозғалған мәселелерге назар аударып, құнды



дереккөздермен бөлісті.

Ашық кураторлық сабаққа өз кезегінде оқытушылар құрамы мен студенттер қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Тарих тұнған өлке

28 қазан күні Тарих, экономика және құқық факультетінде ҚР тарихы кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Тарих тұнған өлке» атты Бөкей Ордасы ауданына қарасты Хан Ордасы ауылы, Жаңақала ауданындағы Жаңақазан ауылына ұйымдастырылған ғылыми-танымдық экспедициясын қорытындылауға арналған конференция ұйымдастырылды.

Конференцияға университетіміздің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, география ғылымдарының кандидаты, доцент Кажмурат Максұтович Ахмеденов, Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты Түймеш Малбағарқызы Дәрішева, ҚР тарихы кафедрасының оқытушылары, факультет студенттері қатысты. Шара барысында т.ғ.к., доцент Б.С.Боранбаеваның жетекшілігімен және кафедраның магистр, оқытушылары А.Б.Ихсанова, А.Г.Есеналиннің қолдауымен ұйымдастырылған экспедицияның өз мақсатына жеткеніне көз жеткізе алдық. Экспедицияға қатысқан студенттер шара барысында өз ойларымен бөлісіп, Жаңақазандағы 150 жылдық тарихы бар мектеп-музейінің жай-күйі, тұңғыштар мекені аталған Хан Ордасы музей-қорығындағы ерекше жәдігерлер туралы өз ойларымен, алған мағлұматтарымен бөлісті. Әсіресе, «Тарих» білім беру бағдарламасында оқитын 4-курс студенттері өздерінің дипломдық жұмыс тақырыптарына сай қажетті ғылыми ақпараттармен қоржынын толықтырғаны көңіл қуантады. Жалпы, шара барысында студенттер өздерінің экспедициядан кейінгі әсерлерімен, ойларымен бөлісіп, сол сапарда түсірілген




бейне, фото материалдары негізінде жасалған бейнеролик, қызықты жәдігерлердің фотосуреттерін көрсету арқылы өзіміз сапарға шықпасақ та, сол жерге барғандай сезімде болдық. Шараға қатысқан Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты Түймеш Малбағарқызы Дәрішева, Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, география ғылымдарының кандидаты, доцент Кажмурат Максұтович Ахмеденов сөз алып, экспедиция жайлы ой-пікірлерімен бөлісіп, кафедра ұжымына осы бағыттағы экспедицияларды жалғастыруға ұсыныс білдірді. Сондай-ақ, жиынға қатысқан студенттер, оқытушылар экспедиция мүшелеріне өз сұрақтарын қойып, ой-пікірлерімен бөлісті.

Заманбек МАКСИМОВ,
«Тарих» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті

Болашаққа жол өзіңнен басталады

28-29 қазан күндері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесі мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ұйымдастыруымен «Болашаққа жол өзіңнен басталады» атты 2 күндік вебинар өткізілген болатын.



Аталмыш вебинар-тренингке Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен 24 студент қатысты. 2 күндік вебинарда студенттеріміз «ҚР Конституциясы – 98 бап», «Қазақстанның киелі жерлері», «Қазақстанның киелі 100 нысаны», «Алтын адам» тақырыптарында сабақ алып, командалық жаттығуға қатысты. Вебинар соңында қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

11 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінде онлайн сауықтыру гимнастикасы өтті.

САУЫҚТЫРУ ГИМНАСТИКАСЫ

Алғысөзді жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі Қонысбаев Абылай Оңғарұлы бастады. Кейіннен дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы, көркем гимнастикадан КСРО спорт шебері Федорченко Людмила Ивановнаның нұсқауымен барлық студенттер мен факультет ұстаздары сауықтыру гимнастикасын жасады. Гимнастика барысы сәтті аяқталғаны соншалық, студенттер гимнастикада белсенділік танытып, соңында ыстық ықыластарын білдірді. Алғашқы онлайн сауықтыру гимнастикасынан кейін студенттеріміз осы шараны жиі өткізу туралы ұсыныстарын білдіріп, әрдайым белсенділік танытатындықтарын жеткізді. Сөз соңында дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Демченко Людмила Валеревна онлайн сауықтыру гимнастикасының жоғары дәрежеде өткендігін айтып, шараны қорытындылады.

ВНИМАНИЮ СОТРУДНИКОВ, преподавателей и студентов!

Сотрудники ЗКУ им.М.Утемисова подключились к ежедневной физической зарядке, инициированной Министерством здравоохранения РК и утвержденной типовыми правилами в рамках Кодекса «О здоровье народа и системе здравоохранения».

Ежедневно, в 11:00ч., в подразделениях университета все желающие могут подключиться к выполнению комплекса упражнений по ссылке в ZOOM: 4820030322 Пароль: 467544

Помещения, в которых проводится зарядка, необходимо проветривать и постоянно поддерживать в чистоте.

Зарядка будет продолжительностью до 10 мин.

На первом этапе физическую зарядку проводят преподаватели кафедры физического воспитания ЗКУ им.М.Утемисова.



На Зарядку Становись!!!

Тарихтың қан қатқан беттерін парақтасақ, қазақ небір зұлмат, небір қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткеріп келгенін көреміз. Ашаршылық..., қуғын-сүргін..., қан майдан... Қарға тамырлы қазақтың бір бөлігін Ұлы Отан соғысы да жалмады. Ресми деректерге сүйенсек, қазақ даласынан жүзге тарта қаламгер, қаламына қаруын қоса асынып, елін қорғауға аттанған. Ежелден ата-бабаларымыз :

«Батыр ақын болмаса,

Ол бойына мін емес!

Ақын батыр болмаса,

Көрген күні-күн емес», - деп жырлап кеткен. Бұл өлең жолдарының ақиқат екендігіне айқын дәлел болатын ақын-жазушылар қазақта қай заманда да аз болған жоқ. Солардың бірі – Жұбан Молдағалиев. Бұл есім аталғанда қазақтың көкірегі ояу әр перзентінің жүрегінде «Мен – қазақпын!» деген киелі ұран ойнап тұратыны хақ. Жұбан әлемінен туған өлкеге, өлге, Отанға деген асқан сүйіспеншілігін аңғартатын өлеңдерді де, «қанмен жазылған» жалынды майдан жырларын да, нәзік, мөлдір махаббат лирикасын да және мәңгілік өлмес тақырып – Ана жайындағы жүрек тебіреністерін де табуға болады. Гауһартас сынды сан қырлы ақынның ой тұңғиығына бойлап, әр қырынан қарап талдау арқылы ғана ақын болмысын тани аламыз.

«Ақын Жұбан бүгінгі күннің ең актуалды мәселелеріне жедел үн қосып отыратын. Соның өзінде де шығармаларынан асығыстық, ақауы кездеспейтін

олардың азаматтық болашағы үшін жауаптымыз», - деп шамырқана, жиналған жұртты тебіренге сөз сөйлегені елге мәлім. Осы оқиғадан кейін де Жұбан ақынның даңқы асқақтай түсті. Оның жүректіліне тағы бір мәрте ел куә болды.

«...Мен Жұбан болып,

Қазақтың жүрегі болып бұлқындым,

Мінбелерден намысын жыртым ұлтымның.

Көлгірсіген жоқпын

Келімсек Колбин алдында,

Көзін шұқып аштым,

Көр соқыр болған шіркіннің...», - деп өрілген белгілі ақын, жазушы Бақтыбай Айнабековтың «Желтоқсан – жалау» атты өлеңінде Жұбан есімі анық жазылып, оны қазақтың ұлтым деп бұлқынған жүрегіне теңей келе, ерлігін насихаттайды.

Жұбан ақынның ерлікке, жауынгерлікке, майданға тартқан жүрегінен нәзік жауһар жырлар да төгілді. Анасы Зеріптің өзі таңдап әперген жары София Молдағалиеваның 2010 жылы «Ана тілі» газетіне «Жұлдызымыз жарасқан құтты шаңырақ болдық» деген тақырыппен мақаласы жарық көрді. Онда ақынның анаға деген шексіз құрметін, соншама қарапайым үйдегі болмысын, ақкөңілділігін, талапшыл, еңбекқор екендігін сүйсіне, сағына жазады. Сөзіме айғақ болуы үшін, сол бір жарының естелік жазбасынан үзінділер ұсынғым келеді. Ақын болмысын аша түсуге септігі тиер, бәлкім...

«...Жұбақанның шешесі Зеріп тезірек баласын

«...Ол өте талапшыл болды. *Жұмыс тоғызда басталса, қызметкерлері* де уақытында орындарында отыруға тиіс еді. Не жоспарласа, соны істемей қоймайтын-ды.»

Жұбан Молдағалиев туралы Зейнолла Қабдолов «*Жұбан - қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол Оралдың ғана емес, қазақтың Жұбаны*». Орал топырағында ел мақтанар тұлғалар аз емес. Топырақ деген, жер деген – қазақ үшін қашанда киелі ұғым. Жұбандай ақынның өз жерімнен болғанына бір мақтансам, оның үстіне, менің арғы атама – «Бутин Мәжікен мырзаға» деп арнаған өлеңін көріп, жүрегім жарылардай қуанғаным есімде. Ақынмен біршама рухани жақындай түскендей болдым. Жұбан поэзиясында Отан, туған жер тақырыптары молынан кездеседі. Ол елін, жерін шексіз сүйе білген ақын. Отаны үшін от кешті, елімен бірге қайғырды, бірге қуанды, жерімен бірге жабықты, бірге шаттанды. Ұлтымен шексіз мақтанды. Оған дәлел болатын жан аямай жасаған ерлік істері мен аяулы жырлары.

«Ғажапсың, Қазақстаным!»

«Бейтаныс маған тұл заман,

Білмеймін өткен ғасырды.

Онда мен, елім, тумағам,

Көргем жоқ төккен жасынды.

«ЖҰБАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КОНЦЕПТІСІ»

талант», -деп пікір білдіреді Ғабит Мүсірепов. Бұл пікірді жандандыра түсетін, расында Жұбанның айту керек сөзді дер шағында айтып, көтерілуі керек ұранды дәл уақытында тұғырына қондыра білгенін, ел басына түскен сындарлы, қиын-қыстау шақта қорқасоқтап үнсіз қалмай, өзінің һәм ұлтының еңсесін жырымен көтергені турасында қазақ әдебиетінің абызы, ақын Әбділда Тәжібаев: «Осы заманның сөзін сөйлеп жүрген, сөйлеп кеткен қаншама ақын бармыз. Соншамыздың аузымыздан басқа емес, бір ғана «қазақ» деген сөз шығып кетсе болды, «мынау нағыз ұлтшыл» деп қайсыбірімізді түрмеге жауып, қайсыбірімізді енді ауыз ашпастай етіп жазалап жатқанда, мына Жұбан ініміздің «Мен – қазақпын!» деп айқайлаған үні өзінің рухани ажарын жоғалтпай, аспанымызда тұрып қалды. Бұған не дерсің! Құдды бір өртенген өлкенің ортасында жанбай жалаулап қалған бір уыс жасыл шөптей желбіреп, жан-жағындағы тіршілікті қайта жандандырғандай болды. Бұл – Жұбан інімнің ырыс-бағы, ар-намысы болар. Қала берді, ол бүкіл қазақтың ырыс-бағы мен ар-намысын сақтап қалғандай болды. Алланың мұнысына да шүкір» - деп тебіренісін жеткізінті.

1986 жылы азаттықты аңсап алаңға шыққан жастар жанайқайын жеткізе алмай, жанышталып жатқанда, яғни, Желтоқсан оқиғасы кезінде де жалғыз ғана Жұбан жастарды қорғап, Г.В.Колбиннің зиялыларды жинап, бөтен ниетпен жасаған жиналысында «...көзімен көргендердің айтқанындай, 17-18 жастағы қыздардың шашынан сүйреп сабаған солар емес пе екен? Ақырында, сонан кейінгі күндері қалалық транспортта, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда тіл тигізу мен қоқан-лоққы жасау солардан шығып отырған жоқ па... Мен сондай ұят оқиғаға және артынша не болғанын естігенде, жасырып қайтейін, осы күнге дейін өмір сүргеніме өкіндім. Иә, мен кез келген қоғамға қарсы бой көрсетулерді түбірінен қиып отыруды толық жақтаймын, өйткені демократия – анархия емес! Солай болғанмен де, тіпті кінәлілерді де оған деген сенімінен айырмау керек. Біз олардың жасағанына ғана емес, сондай-ақ,

аяқтандырмақ болады. Сөйтіп, Жұбақанның бір жүрген қызын үйге алдыртып көреді, бірақ ол қыз шешесінің ойынан шықпай, Жұбақаңа «Мұныңды қой, қызды өзім таңдаймын» деп бір-ақ айтады. Жалпы, Жұбақаң шешесінің айтқанын екі етпейтін адам еді...» ;

«...досы Сағынғалидің (Сейітов) айтатыны: «Мүмкіндігінше Жұбақанның анасының көңіліңнен шығуға тырыс, сол кісінің бабын тапсаң болды, басқа ештеңенің қажеті жоқ», - деумен болатын...» және осыған ақынның әйел құдіреті мен киесін жырлаған «Жер мен әйел» өлеңінен үзінді шумақтарды қоса кетейін:

«Мен әйелге тәңірімдей табынам,

Гүл ұсынам поэзия бағынан.

Хауа-анаға қара жер де қарыздар,

Содан туса адам атты бағбан.

... *Жер – құдірет, жер – алдияр, жер – дана,*

Теңеу болса, әйелге тек жер ғана.

Жер де – әйел, тіршіліктің құрсағы,

Өлерде де дейміз оны жер-ана.

Мен әйелге сондықтан да табынам,

Гүл ұсынам поэзия бағынан.

Табиғаттың таңғажайып перзенті,

Жердің көркі солар ұлы бағбан». Иә, Әйел затын тәңір тұтып табынуы ұлылықтың ең айқын айшықтарының бірі, мейірім мен махаббаттың мәңгілік символы!

«...Мәскеуге жетпей, өзі баратын бір тоғайдың арасында керемет жері бар, сол жерде шығармашылықпен айналысатын. Ондай кездерде екі айға кететін. Бір нәрсе жазатын болса, өте көп толғанатын. Көңіл-күйін сыртқа көрсетпейтін, білдірмейтін-ді...» ;

«...Біздің махаббатымыз қызық болды... Ол ешқашан хат жазған кісі емес. Моңғолияда жүріп хат жазыпты. Бірақ оны поштамен жіберудің орнына өзімен ала келіпті...» Бұдан оның ақ көңіл, бала ниетті адам болғанын аңғаруға болатындай. Өзі де ақын туралы:

«...Ақыннан жас болса тек келешек жас,

Ақыннан жердің ғана жасы үлкен...» деп жазады ғой...

Сені мен сол бір кезде де

Сүйер ем қайран шешем деп,

Шешеден бала безді ме,

Шерменде, жарлы екем деп...»

«Білмеймін өткен ғасырды» дейді... Біледі ғой...

Білгенде не істемек? Парасатты тарихты қалай нұрландырмақ? Егер сол заманда туғанында Отанының қасіретінен аққан қанына малынып, көзінен жазықсыз төгілген жасына жуынуға өзін екендігін, елі үшін ерлігі аз болмаса да, өкінішпен жазады. Отанға өзінің аяулы шешесіндей қарап, Анаға балаудан асқан теңеу табылмас, сірә...

«Ақын туралы»

«...Бәйек боп шығамын деп қай жағынан,

Ақынға хан жағынан, бай жағынан.

Ақынға қылмаңдап жер қызғалдағы,

Аспанда күн күлімдеп, ай жалынған.

...*Аз қидық тіріде оған ұлылықты,*

Өлеңнен жоқ болса да жылу мықты.

Адамды әдеміге ынтық қылып,

Жасады ол табиғатша сұлулықты.

...*Ал кейде сәбиіңдей бола қалып,*

Несі бар еркелесе анаға алып?

Ол бақи, ағат кетсе, шапалаққа,

Оған да әмір-тәңір, ана – халық».

...*Мұңайтшы мықты болсаң, ей, келімсек!*

Қуантшы, көңіл берші кел, келіншек!

Жаһанды түңілтеміз біз жерінсек,

Өлгенше берілеміз біз берісек!

Ол ұлтын өле сүйді, ұлт мүддесі үшін өле берілді. «Өзің үшін емес, ұлтың үшін қызмет қыл». Бұл Жұбан Молдағалиевтің өмірлік ұстанымы болды! «Жұбан» мен «Қазақ» бірдей сөз сияқты, бірге естілетін сынды...

Нұртілеу ҚАДЫРҚҰЛОВ,

Филология: қазақ тілі мамандығының 3-курс студенті

Жолдауды қолдау



Жарқын болашаққа бағдар

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Білім күнінде кезекті Жолдауын жариялап, алдағы уақыттағы мемлекеттің даму стратегиясына негіз болатын басты да маңызды салаларға нақты тоқталып өтті.

Жолдауда ҚР Ата заңында көрсетілгендей адам құқықтарын қорғау үнемі мемлекеттің басты назарында болып, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы айтылды. Бұл дегеніміз – құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жауапкершіліктің еселеніп артуы. Алдағы уақытта полиция, прокурор мен сот қызметкерлерінің бір-бірімен тығыз жұмыс жасауы адамдардың құқықтарының сақталуына ықпал етері сөзсіз. Адам құқықтарын қорғауда прокурорға артылатын жауапкершілік, халық полиция мен сот төрелігіне сеніммен қарау керектігі айтылды.

Болашақ құқық қорғау қызметкерлері мен заңгер даярлайтын білім ордасы болғандықтан біз өзімізге артылатын міндеттің зор екенін түсінеміз. «Құқықтану» білім бағдарламасы бойынша тек теориялық білім берумен шектелмей, одан әрі жұмыс берушілермен байланысымызды арттыра түсеміз.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде студенттердің бойына адамгершілігі мол, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, адамдармен қарым-қатынас кезінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында да үнемі тәрбиелік жұмыстар одан әрі жалғастырылады.

Л.С.СЕРИКОВА,

Құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Күллі түркілерге түгел ортақ ауыз әдебиетіне тән заңдылық қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында тұтастай табиғи үндестікпен көрініс тапқаны аян. Махамбет ақынның оқи да, жаза да білетініне дәлел-дерек мол, десек те ол өзінен бұрын ғұмыр кешкен, «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?!», «Бұл заманда не ғаріп?.. Жақсыларға айтпаған, асыл шырын сөз ғаріп», «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» деп жырлаған Асан қайғы (XV ғ.), өмірмен қоштасқан сәтінде жасы өлі отызға да толмаған, «Қоғалы көлдер, қом сулар, қоныстар қонған өкінбес, Жұпарын қардай боратып, арулар құшқан өкінбес», «Тоғай, тоғай, тоғай су, тоғай қондым, өкінбен, Толғамалы ала балта қолға алып, топ бастадым,

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары-сананы сілкітетін, ойды отарсыздандыратын, жадыны жаңғыртатын, тарихты түлететін, өнер атаулының ерісін кеңейтетін, ұрпағымызды еркін тыныстатар келелі кемел бағдарлама. Осы тұрғыдан келгенде тарихымызды тану, зерделеу, таразылау – тағдырымызды, бүгінгі тұрпатымызды тану, келешегімізді бағдарлап, алдағы жүрер жолымыздың сілемін табу. Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәсекеге тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих. Осы сапта сараласақ, Махамбет бабамыз – қайталанбас Тәуелсіздік тұмары, арымас Алаш арысы, бұлқынған асау намысы. Елбасының Махамбет сынды тұлғаны рухани ұранымыз, қазақ жырының ар-намысы тұрғысында жоғары бағалағаны Мәңгілік ел келешегі жалынды жастарымызға мәлім.



Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ,
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
ректоры



Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының
директоры

«Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар, Азамат ердің баласы аз ұйықтар да, көп жортар»

(Махамбет ақынның азаматтық, шешендік тәлімі хақында)

өкінбен...» дейтін Доспамбет жырау (XVI ғ.), қазақ жыраулық поэзиясының атасы, «Жақсының жақсылығы сол болар, жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер, Жаманның жамандығы сол болар, сөйлесе дәйім бетін қара етер», «Шағырмақ бұлт жай тастар, Ағытқан қойды жол бастар, Ақ желкенді жел бастар, Ғадыл төре ел бастар, Батыр жігіт қол бастар, Шешен адам сөз бастар», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау. Ойлап тұрсам жаманның, жалаңдаған өз басына тілі жау», «Дұшпанға белінді шешіп иланба, Илантып тұрып өлтірер», «Бүркіттен қыран құс болмас, Баулуы жетпей бері алмас. Бидайықтан алғыр құс болмас, Қауырсыны қатпай ұша алмас» деп үн қатқан Шалкиіз ақын (1456-1560 ж.ж.) шығармаларын арқау ете отырып, ауызша шығармашылыққа ден қойды. Біздіңше, махамбеттанудағы бұл реттегі зерделеу ісі өз жалғасын тапса игі.

Халық шешендік сөздері – ұлттық құндылық көзі. Қазақ халқының шешендігі – ұлт тектілігінің белгісі. Шешендік сөздер – халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың тұнбасы. Ал, осыншама қазынадан нәр ала өрілген Махамбет баба толғаулары, өлең-жырлары шешендік иірімдерге, тапқыр ойларға толы. *Тізе ұсынсақ, кейбірі төмендегіше: «Аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласын; «Жаманнан туған жақсы бар, Атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, Жарамды бір теріге алғысыз»; «Ежелгі дұшпан ел болмас, Етекпен кесіп жең болмас»; «Түлейді түнде жортқан жолбарыстай»; «Арпа жемес арғымақ, Ақ селеу отқа зар болар»; «Арғымақтың баласы арығанын білдірмес», «Хас жақсының баласы арада тұрып сөйлемес»; «Жақсыменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, алдыңнан шығар өбектеп, жаныңа не керек деп»; «Жаманменен дос болсаң, басыңа қиын іс түссе, басқа кетер бөлек деп, қолдан берер есептеп, сыртыңнан жүрер өсектеп»; «Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар»; «Азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар»; «Ат - жігіттің майданы»; «Қылыш - жанның дәрмені»; «Өлім - хақтың пәрмені»; «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ, тура ажалдың емі жоқ», «Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Ерлердің ісі бітер ме?»; «Төбінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай, Ерлердің ісі бітер ме?!»; «Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей, Ұлы түске ұрынбай, Түн қатып жүріп, түс қашпай, Ерлердің ісі бітер ме?!»; «Төбінгі*

теріс тағынбай, Темірқазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бітер ме?»; «Туырлығы жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма?», «Беркініп садақ асынбай, біртіндеп жауды қашырмай... Халыққа тентек атанбай, үйде жатқан жігітке, төбеден тегін атақ болар ма?»; «Атақты ермен бірге өлсе, жігіттің болмас арманы, Өте шыққан қызыл гүл, бұ дүниенің жалғаны»; «Жүйрік аттың белгісі, Тұрады құйрық-жалында»; «Ат туады байталдан, Айт деңіз, лебіз қайтарман. Халық қайғысын айтуға, Хан ұлынан тайсалман»; «Аруана жисаң жарасар, Ұлы күнде сапарға»; «Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ»; «Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бір де жоқ»; «Туған ұлдан не пайда, Атаның жолын кумаса?!»; «Алаштың байлығынан не пайда, Тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!»; «Алтын тақты хандардың, Хандығынан не пайда, Қаріп пенен қасірге, Туралық ісі болмаса?!»; «Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жамап болар ма?!»; «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана»; «Бір сынаған жаманды екіншілей сынама»; «Ермін деген жігітті кеңшілікте сынама»; «Әлпешті ұлын жат болмай... Бұзбай құлан пісірмей, Мұз үстіне от жақпай... Қақ жүректен найза түйретпей, Найзаны күнге қураппай... Қабырғасын бір-біріңдеп күйретпей, Әлі де болса қорқа алман»; «Мен келелі қара бұлтпын, Келе жаума ашылман»; «Табаны жалпақ тарланбоз, Шабарында есінер»; «Шын ажалың жетпесе, Ажалдан бұрын өлмессің, Жалаңаш бар да жауға ти»; «Асыл туған арулар, Жанын пида етпей ме, Шын сүйіскен теңі үшін?!»; «Қылыштай қиғыр алмас ем, Шарға шауып мұқалдым, Суаруы қанық көк сүңгі ем, Сұғуын таппай тот алдым», т.б.

Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол – халық алдында хан-сұлтанды әшкерелеп, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Ал Махамбеттің шешендігін танытатын аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер көп.

Махамбет мұрасында *шешендік толғау, шешендік нақыл, шешендік арнау түрлері* молынан кездеседі. Мәселен, *шешендік нақылға бір мысал: Бұл дүниенің жүзінде, Айдан ару нәрсе жоқ, Ол түнде бар да, күндіз жоқ. Күннен ару нәрсе жоқ, Ол күндіз бар да, түнде жоқ. Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, дінде жоқ. Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бірде жоқ. Не болмаса, ақын поэзия тілінің мәнерлілігін, әсерлілігін күшейту мақсатында риторикалық сипаттағы лепті, сұраулы,*

арнаулы сөйлемдерді шебер де ұтымды пайдалана білгені анық. Мәселен, Еңсесі биік ақ орда, Еріксіз кірсем деп едім! Керегесін қиратып, Отын қылсам деп едім! Туырлығын кескілеп, Тоқым етсем деп едім! Немесе: Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда? Орама мылтық тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда? Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?

Біз таныған Махамбет – төгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Мәселен, Махамбеттің «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық, Тептер үшін төбістік» дегені – нағыз шешен сөздің үздік үлгісі. Махамбет поэзиясының тілі, шын мәнінде, халықтық тіл. Ақынның дауылды жырларының әрбір үзігінен халық даналығы, танымы мен талғамы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазынаның жақұт-жарқылы еседі. Махамбет баба жырлары шешендік тағылымға, ұшқынды ойларға толы. Қуанарлығы – асыл сөздің ажарын алыстан аңғарып, сөзді ежелден кие тұтқан халқымыздың рухани өлемінде Махамбеттің жауһар жырларының жұлдызы қашан да биіктігі. Бірегей феномен құбылыстың кейінгі ақындарымыздың қай-қайсысының да кеуделерін күмбірлетіп, өлеңнен өрім өргізуі тегін емес. Мәселен, еліміздің көрнекті ақындарының бірі Рафаэль Ниязбектің дауылпаз ақын Махамбет бабамыздың туғанына 200 жыл толуы құрметіне арнап 200 өлеңнен тұратын «Махамбеттің майданы» аталатын жыр кітабын қолға алып көрдік пе? Ақынның Махамбет бабамыздың, Исатай батырдың және олардың жауынгер жолдастарының ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып келе жатқан ерлік істерінің бұрыннан мәлім-беймәлім қырларын поэтикалық көркем тілмен, азаматтық пафоспен һәм шынайы тебіреніспен жырлағанына куә боламыз. Біздіңше, Рафаэль Ниязбектің «Теңдік қуып, алмас қылыш тағынғанда», «Әділ жолдан замана жаңылғанда», «Ат арытып, мұң кешіп сабылғанда», «Жорық күйлер жыр болып ағылғанда» және «Махамбеттің өр-рухын сағынғанда» дейтін тақырып табиғатына сай ырғақта буырқанып, шиыршық атқан бес бөлімнен тұратын мұндай еңбектің басылым көруі – бүгінгі қазақ поэзиясындағы елеулі оқиға. Демек, Махамбет рухын пір тұтып, ол күйінсе күйініп, ол күңіренсе күңіреніп, ол қаһарға мініп күркіресе күркіреп, оның от-жалынға оранған өмір өткелектері жайында жыр-толғау тудырған ақынның шабытты еңбегі қандай мадаққа да лайық. Ал ақын толғауларының үзіктері де сом әрі бірегей. Кейбірі: «Махамбет – ұлт намысы»;

«Не десе егер Ерлікті, Махамбет дер ем ойланбай!»; «Махамбет рухын пір тұтып...»; «Уа, Махамбет, айбарлым!»; «Бұрқақ атқан Ар-намыс болсаң егер, Айналмайсың, жан баба, қалай жырға»; «Жер мен көктің арасын жалынға орап, Оқығанда кеудеме өрт кіреді»; «Серттен таймас ер едің Ар ойлаған»; «Жырың алмас семсердей өткір еді, Содан менің көңілім көп түледі»; «Асқақ рухы қазақтың, Махамбет болып сомдалған»; «Жанарыма жарқ етіп шоқ түседі, Ойлы көзбен жырыңа үңілгенде»; «Буыршындай мұзға жығылған, Махамбет серттен тайып па?»; «Нарын – қанды ұрыста мың өліп, мың тірілген көзсіз батыр өлкесі»; «Исатай-Махамбет-ұлт рухы»; «Махамбет – өр рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы»; «Нарын – ғасырлар ерлігін арқалаған өлке»; «Махамбеттің әр жыры – бір жебе, кеудесіне қадалған Қараулықтың»; «Үй жақсысы асыл Алаштан, ер жақсысы арлы ағаштан»; «Махамбеттің сарқыты - мен шығармын, қамшысының ұшы боп түйінделген». Біздіңше, Махамбет сынды ақын туындыларынан рухани қуат алу, өлең құдіретін, қасиетін сезіну, рухани құндылықтар тұңғиығына терең бойлау – ұлтымыздың рухани жаңғыруының алғышарты.

Демек, Махамбет – 1836-46 ж.ж. ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі ғана емес, оның жалынды жаршысы, жауынгер шешені. Қазақ халқының сонау тұстағы сөз атасы атанған Майқы биден, ой меңзегіш Мөңке, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген Едіге, «Өз» атанған Төле, Қазыбек, Әйтекелерден, атақты Сырымнан бергі шешендік дәстүрді жадында тоқып үйренген халық батыры, ойшыл Махамбет шешендік өнерді ел қанаушы-тонаушыларға қарсы халық көтерілісінің идеялық қаруына айналдырған, отты тұйғын жырларына ұластыра келе, классикалық поэзия дәрежесіне көтерген.

Қысқасы, бүгінгі ел үшін еңбек етер патриот кәсіби маман болуда халық даналығының қайнар бұлағы ұлттық шешендік сөздерінен нәр алудың, Махамбет сынды қайталанбас құдіретті тұлғалы шешенінің, ақынының тұңғыық мағынаға толы өлең-толғауларын үлгі тұтудың бағасы теңдесіз. *Түйін сауал – Махамбет сынды біртуар бабамызды танып болдық па? Біздің мақсат – «аз сөйлер де көп тыңдар қас асылдың баласы»* деп, Махамбет ақын айтқандай, баба мұрасының тұңғыығына бойлай түсу, кейінгі ұрпақтың ақын рухы мен жалынды сөздерінің мәңгі өлмес қазынасынан сусындауы. Осы жолда баршамызға Исатай-Махамбет бабаларымыздың рухы жар болғай!

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ОЗДЫРЫЛДЫ

30 қазан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалінің іріктеу кезеңі өткен болатын. Фестиваль Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы аясында әдеби-мәдени құндылықтарымызды жаңғырту, ұлтымыздың мақтанышы, ғұлама ойшыл Хәкім Абайдың өмірі мен шығармашылығын жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Фестивальдің міндеттері - ұлт мақтанышы, данышпан ойшылы, сазгер Абай Құнанбайұлының шығармашылығын жастар арасында кеңінен насихаттау; Ұлы Абайдың шығармалары арқылы студенттердің бойында рухани-адамгершілік, имандылық, патриоттық қасиеттерін арттыру; Дарынды жастарды анықтау және оларға шығармашылық тұрғыда қолдау көрсету; Жастардың рухани әлеуетін арттыру.

Фестивальге М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіндегі 6 факультет бойынша жалпы саны 41 студент қатысқан болатын. Фестиваль 5 байқаудан тұрды:

Абай өлеңдері;
Абайдың қара сөздері;
Абай әндері;
Абай – әлем тілдерінде;
«Абай әлемі» сурет өнерінде.

«Абай өлеңдері» байқауында үміткердің Хәкім Абайдың өлеңдерін жатқа, мәнерлеп оқуы шарт. Үміткердің өнерін бағалауда сахналық мәдениетіне, оқу шеберлігіне және сөз мағынасына мән беруі, ақынның қанша өлеңін жатқа білетіндігі ескерілді.

«Абайдың қара сөздері» байқауында үміткердің Хәкім Абайдың қара сөздерін жатқа мазмұндап, талдап беруі шарт. Үміткердің өнерін бағалауда сөйлеу мәдениеті, қара сөздегі философиялық ой-тұжырымды түсіну деңгейі ескерілді.


«Абайдың әндері» байқауында үміткердің Хәкім Абайдың әндерін жанды дауыста нақышына келтіріп орындап беруі шарт. Үміткердің өнерін бағалауда орындаушылық шеберлігі, сахналық келбеті ескерілді.

«Абай – әлем тілдерінде» байқауында үміткердің Хәкім Абайдың шығармаларын (өлеңін, қара сөзін, әндерін) қалауы бойынша өзге тілде орындап (мәнерлеп оқып) беруі шарт. Үміткердің өнерін бағалауда орындаушылық шеберлігі, сахналық мәдениеті ескерілді.

«Абай әлемі» сурет өнерінде» байқауында Хәкім Абайдың шығармашылығы желісі негізіндегі қылқалам шеберлерінің көркемсурет туындылары бойынша жүргізіледі. Байқау барысында үміткер Абай шығармаларының философиялық мазмұнын көркемсурет арқылы жеткізе білу шеберлігі ескерілді.

Фестивальдың әділқазы мүшесі ретінде университеттегі өз ісінің мамандары таңдалынып алынды. Олар: «Абай өлеңдері» және «Абайдың қара сөздері» байқаулары бойынша «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, М.Өтемісов атындағы БҚУ, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, PhD доктор Султаниязова Индира Сагиндиқовна, «Абайдың әндері» байқауы бойынша Музыкалық білім және вокал кафедрасының меңгерушісі,

М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Кисметов Қуаныш Лабинович, Музыкалық білім және вокал кафедрасының оқытушысы, музыкалық білім магистрі Қуаншалиева Раушан Жардемовна, «Абай – әлем тілдерінде» байқауы бойынша Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Кисметова Галия Нагимовна, Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Насимуллина Айгүл Бисембаевна, «Абай әлемі» сурет өнерінде» байқауы бойынша Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, өнертану



ғылымдарының магистрі, Қазақстан суретшілерінің Одағының мүшесі Абдешев Асхат Беккалиевич, Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі, Еуразия дизайнерлер Одағының мүшесі Хабадашев Нурдаулет Аскарович.

Фестиваль нәтижесі бойынша студенттер 1,2,3 дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды. 5 байқау бойынша студенттер төмендегідей нәтиже көрсеткен болатын:

«Абай өлеңдері» байқауы:
I орын - Корчемкина Анна Алексеевна;
II орын - Босай Мералы Ерлікұлы;
III орын - Базарбаев Елдос Қайратұлы.

«Абайдың қара сөздері» байқауы:
I орын – Мамут Зафура Шудабайқызы;
II орын – Маратова Раушан Серікқызы;
III орын – Матышева Жанерке Матышқызы.

«Абайдың әндері» байқауы:

Қазан айының 20-жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Мәдениет және өнер» факультетінің музыкалық білім және вокал кафедрасының «Вокалдық өнер» мамандығының ВІ-11 тобының Абайдың 175 жылдығына арналған әдеби-сазды онлайн концертті оздырылды. Тәрбие сағатының ұйымдастырушысы – топ кураторы Дария Нұрболатқызы. Тәрбие сағатымыздың мақсаты - Абай атамыздың өзі айтқандай өтірік айтпау, мақтанға ермеу, жалқау болмау, еңбекқор болу, түзу жолмен жүру, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеу.

Абай - дана, Абай - дара қазақта

Тәрбие сағатын кеш жүргізушілері Айхан Нұрмұхан мен Бақытжамал Елеусіз Абай атамыздың әсерлі өлең жолдарымен ашты. Одан әрі республикалық ән байқауларының жеңімпаздары Гүлназ Ғұмарова «Қараңғы түнде тау қалғып», Исламбек Сақиев «Айттым сәлем, Қаламқас», Алихан Ажмуратов, Бекарыс Бейбітөлі, Айхан Нұрмұхандар «Желсіз түнде жарық ай» әндерін шырқап, кештің сәнін келтіре түсті. Ал Үмітжан Кеңесова «Абайға арнау» атты ақынға арналған жүрекжарды өлеңін оқыса, Бекарыс Бейбітөлі мен Жансая Әміржан Абай атамыздың мұра қылып қалдыраған мағынаға толы қара сөздерін оқыды.

Салтанатты шара Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, ерінбе!

Адалдықты көздесең, жаттап тоқы көңілге!, - деген әдемі жыр шумақтарымен өз мәресіне жетті.

Кеш соңында Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Жанбота Есенғалиқызы мен Мәдениет және өнер факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушы Раушан Жәрдемқызы сөз сөйледі.

I орын – Кенесова Үмітжан Тенісбайқызы;
II орын – Оразова Аида Рахымжановна;
III орын – Мерекеева Индира Азаматқызы.

«Абай – әлем тілдерінде» байқауы:
I орын - Досполаева Жұлдыз Жумабайқызы;
II орын - Дейна Людмила Ивановна;
III орын - Октяброва Айгерим Болатқызы.

«Абай әлемі» сурет өнерінде» байқауы:
I орын – Бауетдин Сырым Ноянұлы;
II орын – Қошақов Мейіржан Асқарұлы;
III орын - Ермекалиев Бекарыс Серікұлы.

Фестивальдың іріктеу кезеңінен I орын алған студенттер Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде онлайн режимде 4-5 желтоқсан күндері өткізілетін қорытынды кезеңге жолдама алды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САЙЫСҚА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Ұлы Абай атамыздың 175 жылдығына орай Педагогикалық Ғылымдар Академиясы Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі мен “Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы” қолдауымен заманауи әдебиет пен журналистиканы кеңінен насихаттау, жас жазушылар мен ақынның шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында республикалық жоба жүзеге асырылуда.



«Абайдың 175 жылдығына арналған «Мұшайра» республикалық жас ақындар конкурсына Батыс Қазақстан облысы бойынша 36 үміткер қатысты. Мұшайраның өңірлік іріктеу кезеңінде философия докторы (PhD), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры А.А.Ақболатов, филология ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры Р.Б.Сұлтанғалиева, айтыскер ақын, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры Ж.Ф.Мусиналардан

тұратын әділқазылар алқасы жұмыстарды конкурс ережесі талаптарына сай саралап, әділ бағаларын берді. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинап, тіл тазалығы, жазу дағдысының ерекшелігімен көзге түскен 3 ақынның өлеңдері республикалық кезеңге жолданды. Республикалық кезеңге қатысқан жерлестеріміз Ғылымхан Мәрлен, Қуанышев Абылайхан, Қадырқұлов Нұртілеудің өмірбаяндары мен өлеңдері «Абайдың 175 жылдығына арналған «Мұшайра» республикалық жас ақындар конкурсының арнайы жинағына енгізіледі.

АДАМЗАТТЫҢ АБАҰЫ

Жақында жаратылыстану- география факультетінде БГ-11 және Б-англ тобы мен жетекшісі Ихласова Жанар Максұтовнаның ұйымдастыруымен қазақ халқының ұлы ақыны, әдеби тілдің негізін салушы, аудармашы, дана, дара тұлға Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты кураторлық сағаты өтті.

Абай атамыз жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек! Бұл шарада ұлы ақынның өмірі жайында, шығармашылығы жайында сөз қозғалып, терең ойдан туындаған қара сөздерінен Абунағымова Мөлдір мен Муратова Аружан үзінді оқыды.

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде артына өшпес із, өлмес өсиет қалдырған ұлы кемеңгер ақын Абай атамыздың құрметіне орнатылған ескерткіштері көрсетілді. Топ студенттері Майданова Гүлзина «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін, Сенбаева Ханшайым «Пайда ойлама, ар ойла» өлеңін мәнерлеп оқып, Қарағаева Замира «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқады. Абайдың әлемінде кешегіден қалған, бүгіннен де, ертеңнен де артылатын байтақ қазына бар. Тек ұғатын сана, байлайтын ақыл, бағынатын жүрек керек! Біз, жастар, Абай атамыздың әр сөзінен болашаққа бағыт-бағдар аламыз.



Жаратылыс жұмбағы

(Абай Құнанбайұлына)

«Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін. Оған бекі.

(Абай Құнанбайұлы)

Бес күндік жалған кімге тор құрмаған,
Ғарыштан ғылым шығар қол бұлғаған.
Бағытын көрсетеді Ол Жаратқанды,
Риясыз сүйгізетін жолдың маған.

Сезімге пәлсапаны қосқан күні,
Түсінбей қалғаны рас достар мұңын.
Шешуге жаратылыс жұмбақтарын,
Ойының жетеледі бостандығы.

Сөйлеткен табиғат пен адамды мың,
Оқыдым ең ғажайып ғалам жырын.
Жүрекпен сыймай соққан кеудесіне,
Тіледі ғашығының амандығын.

Ол жан жарасы жазылмай кеткен ойшыл.

(Роллан Сейсенбаев)

Парасат шыңындағы сағаттары,
Суарған ізгілікпен жан аптабын.
Ғұмырды өкінішсіз кешу үшін,
Кітабын қайта-қайта парақтадым.

Заманы жат көрмеді қайғыны да,
Тамырын түйсігіме жайды мұра.
Өліммен бітпейтінін Құдай сыйы,
Жеткізді жалғыздықтың айдынына.

Тірліктің таныта алмай заңына айбын,
Жылайды Қасқабұлақ тағы қай күн?
...Кімді іздеп «су бетінде дірілдейді,
Сәулесі желсіз түнде жарық айдың?!»

Марлен ҒИЛЫМХАН,
БҚУ түлегі

Жол кешу

(Абай мен Махамбеттің рухына)

Иә. Төңірім. жар бола көр!

Қарғанып барып қадалды жасын өпірем
Тағдыры шермен шырмалып ғасыр өтіне.
Қан құсып, сор мен сортаңнан қара жамылып
Көрі қырат тұр қор болып қасіретіне.

Құзғынға толы көгінде зарлы үн, мұң басым,
Кектенген көңіл бұлқынды қағындырғасын.
Бір тамшы тағдыр сорлатты.
Сор қылғандайын
Бабырдың басын, болмаса, қабірдің қасын.

Күрең жол. Шайқас. Арыстар туласып өткен.
Қамыққан көңіл қайралды сұм қасіреттен.
Қайтадан келіп сілкінді Махамбет тағдыр
Әділдікті айтып, арамға қу басы кеткен.

Шер ішкен елді, қайырсыз мұң шыдатқан ба?
Тасыр тағдырға боздады сыңсып ақпанда.

Аспаннан қан боп тамдыңдар бөрі байрақты
Өлексе жұтқан құзғындар қыңсылатқанда.

Өр кеуде жерде тапталды.
Зары жыраққа
құс болып кетті. Егілді бөрі бірақ та.
Табыттың мұңын сәт сайын боздатып біттік
Абайдың үнін сағынған көрі қыратқа.

Жалғаннан жала жабылып асылға көрдей,
Тамшыдан қайғы төгілді, жасыннан төнбей.
Меңіреу мұңның киесіз мазарын сипап,
Жатсындар әлі бұлқынып ғасырға көнбей.

Жарқ етіп қайта жасындай сөну кенетте.
Зар заман куә тажалша төну демекке.
Қан жұтқан кездің қайғысын көтерем қалай
Болмаса, жаным, бізге де өлу керек пе?!

Абылай ҚУАНЫШЕВ

I

Апология

(Абай рухына)

“Сары аязда қата ма,
Қайнардың аққан тұнығы...”

©Ақтамберді жырау

Тылсым төніп таптайтындай төбеден,
Ар алдында бұзылса егер ант ұлы.
Өр биіктен төмендетпес өнеген,
Жыр желі ессе, желбірейді жан туы.

Заманалар көкірегінде зар қалған,
Аңсап күткен бақ таңы да ерте атпай.
Арқаланып ақын өтер жалғаннан,
Жан қоярға жер таппай!

Қорғаштаймын сөз киесін, елеуреп,
Жетесізден сосын “күнде жеңілем”.

Қастерліні қылып алды ел ермек,
Қанға сіңген қасиетінен жеріген.

Дүние – бұл көзқарастар дауы ғой,
Мен – сананы паналаған сөз ем бір.
Жан ішінде ауақшыған ауыр ой,
“Жылы жүрек” тоңазыған кезең бұл.

Күш кемісе өзді - өзіңмен айқаспақ,
Санасыздық салып алар құрығын.
Ойдан безген опасыздар ойқастап,
Лайлар болса қайттің Абай тұнығын?.

II

(Абай рухына)

Санаңнан төгіп түнекке арай,
Жұттың ба уды, зарды мың?
Сыйғыза бердің жүрекке қалай,
Жаратылғанның барлығын?

Абайды оқы, таңырқа

17 қараша күні Ұлы халықтың ұлы Абайының 175 жылдығына орай Тарих,экономика және құқық факультетінің оқытушылары Н.Н.Майманова мен А.Ж.Құспанованың ұйымдастыруымен “Абайды оқы,таңырқа” атты онлайн форматта әдеби-сазды кеш өтті.



Алғашқы сөзді Айгерім Жалғасқызы Абайдың өсиетімен ашса,халықаралық қатынастар мамандығының 3-курс студенті Сиғуатова Бибігүл Құрманғазының “Балбырауын” күйімен кешті одан әрі әсемдетті. Сазды кеш барысында Бақытжан Гаухар Абайдың “Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап”өлеңінің ағылшынша нұсқасы “Don’t believe the flatterers”- ті оқыса,Қуаналин Ерқасым 31-қара сөзін,Шамшеденова Жанаргүл 12-қара сөзін,Саламатова Алтынай 16-қара сөзін Закин Альбина мен Исабекова Гулшат 17 және 8 қара сөздерді оқып, студенттердің жүрегіне жеткізе білді. Кеш барысында Бектасова Айгерім “Көзімнің қарасы” әнін орындаса,Сайлаубайқызы Балнұр “Қансонарда бүркітші шығады аңға” өлеңін,Дордий Кристина “Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы”өлеңін,Сарсенова Құралай “Желсіз түнде жарық ай” әнін өте жоғарғы деңгейде орындап шықты.

Кеш соңын Тарих,экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Н.Майманова қорытындылап,студенттердің өнеріне төнті болғандығын жеткізсе,шараға қатысушы студенттер кештің жоғарғы деңгейде өткендігін айтып,дара,дана Абайымызды ұлықтайтын осындай шараларға деген ыстық ықыластарын білдірді.

Айзере МАРАТОВА,
Халықаралық қатынастар мамандығының 3-курс студенті

Жыр аңсап бассам жорыққа қадам,
Жол – тұнық мұра, сөз – үлгі.
Таба алмадың ба толыққан адам?
...Таппадым әлі өзімді.

Ғазал-қобызын тартады далам,
Азынап жатыр, азынап.
Төңірге өкпе артады адам,
Тағдырын өзі жазып ап.

Адамзат демі үніңнен аңқып,
Алаңдап дертің асқынды.
Ұлтың - мұңың да, жүгің де – халқың,
...Жүрек көзіне жас тұнды.

Арпалыстардың мәні қайда, егер,
ақыр соңында таланса ар?
Бойлаған пенде – таңырқай берер,
Ашылмай кеткен ғаламшар!

Нұртілеу ҚАДЫРҚҰЛОВ,
«Филология» факультетінің 3 курс студенті

Туған өлке – тұнған тарих

6 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультеті Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушылары Ж.С.Саматова, З.Ж.Талғатованың бастамасымен, Туризм мамандығының 2-курс студенттерінің ұйымдастыруымен, 1-3 курс студенттері мен мектеп оқушыларының қатысуымен «Туған өлке – тұнған тарих» тақырыбында Орал қаласындағы көне ғимараттарға онлайн саяхат жасалды.

Шараның мақсаты – студенттерді шаһарымыздағы көне ғимараттардың тарихымен таныстыру, көрнекті ғимараттардың шежіресінен мәлімет беру.

Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушысы Ж.С.Саматова алғы сөз сөйлеп, онлайн саяхаттың шымылдығын ашып берді.

Туризм мамандығының 2-курс студенттері қаланың көне бөлігінде орналасқан Михаил Архангель шіркеуі, Пугачев үйі, БҚУ Бас ғимараты, сондай-ақ, №38 мектеп-лицейі орналасқан ғимарат пен Табиғат және экология музейі, Жеңіс алаңы мен «Карев үйі» атауымен белгілі қазіргі Филармония, Орал қаласы өнерінің келбеті іспеттес

қос театр Островский мен Қазақ драма театры, Еуропалық стильде салынған Батыс Қазақстан облысы әкімдігі және көзтартарлық құрылысы ерекше Өлкетану музейі мен Татар мешіті жайында әзірлеген бейне-материалдарын көрермендерге ұсынды. Әр ғимараттың өткені мен бүгініне кеңінен тоқталып, білуге тиіс ақпараттармен бөлісті.

Тарихқа тұнған өлкеміздің көне ғимараттарына жасалған саяхат туралы қатысушы студенттер өзіндік пікірлерін ортаға салды.

Шараны Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушысы З.Ж.Талғатова онлайн саяхатқа қатысып, пікір білдірген студенттерге ризашылығын жеткізіп, қорытындылады.

Мағжан СМАҒҰЛ,
ГМУ-31 тобының студенті

Қызықты көңіл — СТУДЕНТТІК ӨМІР

17 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінде музыкалық білім мамандығының Моб-11, Моб/у-13 топ студенттері және топ кураторы К.Е.Бисекованың ұйымдастыруымен студенттер күніне арналған «Қызықты көңіл – студенттік өмір» тақырыбында мерекелік шара оздырылды.

Шараның мақсаты - студенттерді мереке тарихымен таныстыра отырып, оларды ізденіске, белсенділікке, жан-жақтылыққа, уақытын тиімді пайдалануға, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Студенттік кезде терең білім алып, бәсекеге қабілетті маман болып шығуға үндеу.

Шара барысында топ кураторы К.Е.Бисекова мерекенің шығу тарихына терең тоқтала отырып, студенттерді мерекелерімен құттықтап, болашақта топ студенттерін бәсекеге қабілетті маман болу үшін аянбай еңбек етіп, білім алуға шақырды. Мерекелік шара топ студенттерінің музыкалық концертіне ұласты. Кеште Н.Зайыров Құрманғазының «Адай» күйін, Қуанышұлы Досбол Құрманғазының «Балбырауын» күйлерін ерекше шеберлікпен орындаса, К.Аюпова «Студентство прекрасная пора» өлеңін нақышына келтіре оқып, бейнесюжетпен бөлісті. Сондай-ақ топ студенті Н.Сағынтай «Студенттер өнін» орындап, А.Сақы мен Ш.Сәкенұлы «Бір үйдің баласындай өнін көрерменнің назарына ұсынды. Кеш барысында топ студенттері



мерекеге арнап дайындаған бейнероликтерімен бөлісті. Шараға факультет деканы К.Р.Кажимова қатысып, студенттерге өнер мен білімді қатар алып жүруге ұстаздық тілегін білдірсе, музыкалық білім және вокал кафедрасының аға оқытушысы Л.Қ.Өмірзақова студенттерді мерекемен құттықтай отырып, ерінбей, жалықпай еңбек етіп, білім алуға шақырды. Шара соңында топ студенті Н.Зайыров ұстаздарға ерекше ықыласпен алғыс айтып, жүрекжарды лебізін жолдады.

Камила БИСЕКОВА,
Мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы

Жас мамандармен кездесті

17 қараша күні физика-математика факультетінде студенттер күніне орай жас мамандармен кездесу өтті. Кездесуге өзіміздің университет түлектерімен қатар Ақтөбеде жұмыс істеп, сол жақта оқыған жас мамандар да қатысты.

Кездесу барысында жас мамандар өздерінің бұл мамандықты неліктен таңдағандықтарын, бұл жолға қалай келгендіктерін айтып, бастарынан өткен қызықты жағдайларымен бөлісті. Студенттік кезеңнің қызықтарын әңгімелеп, тек оқып қана қоймай, сонымен қатар қоғамдық шараларға қатысудың қаншалықты маңыздылығын түсіндірді.


Сөз соңында студенттер жас мамандарға қызықтырған сұрақтарын қойды. Өз кезегінде жас мамандар студенттерді мерекелерімен құттықтай отырып, алдағы өмірлеріне сәттілік тіледі.



Қараша айының 17-жұлдызында Студенттер күніне орай М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың филология факультеті «филология: қазақ тілі» мамандығының 1-курс студенттерінің және топ кураторы Раушан Жаңабайқызының ұйымдастыруымен «Қызықты көңіл, студенттік өмір» атты бітіруші түлектермен диалогтық мақсатында сыр-сұқбат өткізілді.

СТУДЕНТТІК өмірге саяхат

Университетке биыл ғана қадам басқан 1-курс студенттері қашықтан білім алып жатқан соң, аталмыш шара да онлайн форматта өткізілді. Шараны фил-11 тобының студенттері Эльмира Көшекбай мен Елжас Ильясов тізгіндеді. Сыр-сұқбатымыздың шымалдығын топ студенті Фазылова Арайлым Қадыр Мырза Әлінің «Студенттер» әнімен ашып берді. Әрі қарай топ кураторы Раушан Жаңабайқызы студенттер мен түлектерді таныстыру мақсатында әзірленген презентацияны таныстырды. Презентация барысында студенттердің, түлектердің жеткен жетістіктерін тізбелеп, біршама мағлұмат айтылды. Кеш барысында аталмыш күннің тарихы жайында да сөз қозғалды. Тобымыздың студенті, облыстық, республикалық айтыстардың жеңімпазы Иса Нұрасыл түлектерге арналған арнауын өз нақышында орындады. Домбыраның әсем үні құлақ құрышын қандырып, біршама жанды селк еткізді. Түлектердің студенттік өмірлерін еске алу мақсатында жұрт назарына топ студенті Мұса Дияра дайындаған бейнеролик ұсынылды. Қонақтар қызықты күндерін еске алып,



Нам пишут выпускники

С ТОЙ ПОРЫ ПРОШЛО ПОЛВЕКА...

Здравствуйте, уважаемый ректор Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова, одного из старейших (с 1932 года) в Казахстане!

Пишет вам бывшая студентка естественно-географического факультета (1965-1970 гг.) заочного отделения – Тамара Васильевна Кудряшова, ветеран педагогического труда.

Прошло 50 лет с той поры, когда мы, студенты, покинули свою Альма-матер, но в памяти живет то прекрасное время. В нашей группе были представители разных областей бывшего Союза, а сейчас мы живем в разных государствах, но помним. Помним тогдашнего ректора Сидорова тогдашнего Уральского госпединститута имени Александра Сергеевича Пушкина. Замечательно, что в Уральске есть сквер его имени, музей и улица. Кстати, у нас, в Дарьинске, тоже есть ул. им.А.С.Пушкина, а в Москве установлен памятник великому Абаю, чье 175-летие со дня рождения отмечалось торжественно. Но это мое краткое отступление.

Проректором по заочному обучению была Полянина, а деканом факультета естественно-географического был Петренко, лекции по истории нам читали кандидаты исторических наук Букаткин и Ломоносов, географии – Иванов, профессор, доктор наук; Волынцева; по философии Винник, зав. кафедрой был Москалев, кандидат географических наук. Геология – Жангалиев, топография и картография – Асмоловский. Помним лекции Черкашина, Агелеуова и многих других, кто отдавал нам не только свои знания, но всего себя. Большое им спасибо и низкий поклон! Светлая память ушедшим в мир иной, и покой! А лично я знала Щербанова, ныне покойного. Это был прекрасный человек и знаток своего дела, а также Абузярова, одного из создателей музея Габдуллы Тукая (в доме Тухватуллина).

С той поры прошло полвека, изменился Уральск, много нового и в университете, другие преподаватели и студенты, но осталось одно - движение вперед, новые инновации и подходы к обучению, поиски и решения. А мы уже давно бабушки и дедушки, пенсионеры, ветераны. Те знания, полученные в стенах института, передали своим ученикам. Эти знания бесценны. В разных концах живем мы теперь, все реже встречаемся, а связь сейчас только по мобильному телефону (в социальных сетях, ватцап, через письма и т.п.). Некоторых уже нет и в живых. В душе остались молодыми, студентами. Да, прекрасная была пора и время...

Немного о себе – работала в одной и той же школе до выхода на пенсию. В школе создали с учениками музей, краеведческого и исторического направления. Сама я родом из Актобинской области, а сейчас живу в Дарьинске, занимаюсь общественной работой. Когда-то, в ноябре, 15 или 17, отмечался Международный день студентов. Хотела бы поздравить нынешних студентов Западно-Казахстанского университета с этим праздником, пожелать им ни пуха, ни пера, удачи, хороших знаний и всего доброго! Кажется, в университете выходила газета, вот через неё хотела бы поздравить от нас, студентов и абитуриентов 1965-1970 гг. А может, как-то другим образом? Заранее спасибо! Всех благ, успехов всему коллективу, здоровья, мира под нашим общим шаныраком.

Тамара Васильевна КУДРЯШОВА,
Дарьинское, р-н Байтерек

сол шақа бір барып келгендей болды. Одан әрі топ студенттері жағдаяттық тапсырмалар айтып, түлектер ситуациядан шығуға тырысты. Нағыз студенттік шақтың қызықтары өткен жатақхана жайлы, ондағы қызықтар жайлы біраз әңгімеленді. Тобымыздың әнші қызы Кеңесова Данагүл ән шашумен сыр-сұқбатымыздың көркін ашты. Студенттеріміз түлектерге оқу-білім жайында өз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Кеш қонағы Айдарбек Ахметұлы түлектерге қатысты қызықты жайттарды еске түсіріп, сол бір жылдарға саяхаттап қайтты. Топ студенті Бөлебаева Камилла «Студент жыры» атты өлеңімен сыр-сұқбатымызды түйіндеді. Сыр-сұқбатымыздың куәгері болған Түймеш Малбағарқызы, Нұрсауле Кәкімжанқызы, Айгүл Калиева, Айдарбек Ахметұлы, Рита Бекжанқызы сынды оқытушылар шара соңында сөз алып, кері байланыс жасап, топ кураторы Раушан Жаңабайқызына өз алғыстарын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Топ кураторы Раушан Жаңабайқызы студенттерге, келген түлектерге, қатысқан қонақтарға өз алғысын білдіріп, сыр-сұқбатымызды қорытындылады.

Эльмира КӨШЕКБАЙ,
Филология:қазақ тілі мамандығының 1-курс студенті



ХАН ОРДАСЫНА ЭКСКУРСИЯ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу қажет», – деп көрсеткен еді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Тарих, экономика және құқық факультеті Тарих мамандығының 2,3,4-курс студенттерінің қатысуымен «Тарихы тұнған өлке» атты ғылыми-танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Жастарды киелі мекеннің тарихымен таныстыра отырып, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, отансүйгіштік сезімін арттыру мақсатында ұйымдастырылған экскурсияға университет әкімшілігі қаражат бөліп, қолдау көрсетті.



Жоғарыда айтылғандай, екі күнге жоспарланған «Тарихы тұнған өлке» атты экскурсия бағдарламасына Жаңақала, Бөкей Орда аудандарының Жаңақазан және Хан Ордасы ауылдары енгізілді. Өйткені, бұл екі ауылдың тарихы сонау XIX ғасырдан бастау алады.

Студенттердің экскурсиясы облыс орталығынан 550 шақырым шалғайда орналасқан Хан Ордасы ауылын бетке алған жолда, Жаңақазан ауылындағы 150 жылдық тарихы бар мектеп-музейін тамашалаудан басталды. Ауыл мен мектептің бай тарихын көпшілікке насихаттап отырған жалпы орта білім беретін мектептің тарихшы мұғалім Төлегенова Ғалияның айтуынша, 1871 жылы Қамыс-Самар қисымындағы форпоста Орынбор генерал-губернаторының бұйрығымен Новая – Казанка ауылы бой көтереді. Ал ауылдың тарихи атауы жергілікті қазақ, орыс халықтарына қарағанда саны басым татарлар бұл ауылды Ресейдің Қазан қаласынан кейінгі екінші «Жаңақазан» қаласы жасаймыз деген ниетіне байланысты қойылса керек.

Тарихы терең мектеп музейін тамашалауға мүмкіндік жасағаны үшін Жаңақазан ауылы мектебінің директоры А.Ш.Губашева басқарған ұжымға зор алғысымызды айтып, жолға шықты.

Экскурсияның екінші күні Бөкей Орда ауданының Хан Ордасы ауылында жалғасты. Бізді музей директоры Ғайса Темірболатұлы қарсы алды. «Бөкей Ордасы – тұңғыштар мекені» деп тегін аталмағанын, Хан ордасы тарихи-мәдени,

архитектуралық-этнографиялық музей-қорығын көріп тәнті боласыз.

Хан Ордасы ауылындағы Жәңгір хан көшесінде орналасқан музей қорығы 1828 жылы салынған Хан сарайы, 1867 жылы салынған «Казначейство», 1868 жылы ашылған Тарғын мектебі, 1883 жылы ашылған қыздар мектебі және 1835 жылы салынған хан мешіті негізінде қалпына келтірілген тарихи - архитектуралық ғимараттар кешенінен тұрады.

Экскурсияға қатысқан студенттер М.Өтемісұлы мен И.Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты тарихи құжаттарды, оған қатысқан Арен Шотұлының қанжарын, Шыналы Байтілеуұлының найзасын, сондай-ақ Бөкей ордасына келген орыс, шетел зерттеушілері туралы деректерді, М.С.Бабажанов, Шәңгерей, Ғұмар Қараш, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина секілді тағы басқа тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді көріп танысты.

Бөкей Орда музей кешенінен шығып ауыл шетіндегі Хан тоғайына барған студенттер ерекше көтеріңкі көңіл-күйде, бұйрат-бұйрат құмдарды бөгенген қарағайларға қарай жас балаша жүгіре жөнелді. Осы кезде біздің жетекшілігімізбен «1952 жылы Орда ауданының «Капустин Яр» әскери сынақ алаңына айналуы және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары» тақырыбында ғылыми-зерттеу жобасымен айналысып жүрген 4-курс студенттерін музей директоры Ғайса Темірболатұлының жол бастауымен сынақ алаңы – Хаки сорына апарып көрсетіп қайтты.

Бұдан соң «Ашық аспан астындағы музей» атанған кешен құрамында Жәңгір хан, күйші-композитор Дәулеткерей, ғалым-этнограф М.С.Бабажановтардың кесенелері құрайтын пантеонды аралап құран бағыштадық. «Хан қорымындағы» көне құлпытастардағы жазуларды оқып зерттеп жүрген аталмыш музейдің ғылыми хатшысы Г.С.Мырзағалиева: «Қорымда хан Жәңгірдің қыздары Ханзада мен Зухраның, Фатиманың анасы Карима Жұмалықызының, Қарауылқожа Бабажановтың ұлы Көпболсын мен қызы Шоңғараның, сонымен қатар көптеген сұлтандардың құлпытастары сақталған. Сондай-ақ Ордаға Бөкей хан кезінде келген имам Жабир Хамадұлының құлпытасы да бар. Ол Ішкі Ордаға 1811 жылы келіп, 1875 жылы дүниеден өткенше қызмет етіп, хан Жәңгірдің мәйітін Тарғындағы жазғы қалашығынан Хан Ставкисы жанына көшіруге қатысқан. Сонымен қатар осында Бөкейліктегі ірі саудагерлер, хан кеңсесінде қызмет жасаған тілмаштар, хан Жәңгірдің шақыртуымен шешек ауруына қарсы екпе жұмысын жүргізген дәрігер Абдулхалик Юсуповтың құлпытасы да бар. Қорымдағы 500-ден астам құлпытастарды зерттеп, кітапқа енгізу жоспарлануда», – деп құнды мәліметтер жеткізді.

Айта кететін жайт, Бөкей Орда музейіне менің төртінші рет жолым түсіп отыр екен. Әр барған сапарымда өзіме бір жаңалық алып қайтамын. Өйткені Бөкей Орда музейінің ғылыми қызметкерлері еліміздің және Ресейдің Ленинград, Мәскеу, Орынбор, Астрахан сияқты қалаларындағы архив қорының құжаттарын әкеліп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көрме арқылы бұқара көпшілікке насихаттайды. Музей таныстырушысына да жоғары талап қойылады. Осындай жоғары талап деңгейінен көріне білген музей кешенінің экскурсия жүргізушісі, Әлихан Кәрімов өлке тарихының білікті маманы екенін танытты. «Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы, ел-жұрттың тағдыры, бәріміздің тағдырымыз», – деп бізді жолға шығарып салған, шалғайдағы шағын ауылда музей ісін гүлдендіріп отырған директордың бойынан ұлт мүддесі үшін қызмет етудің биік үлгісін көрдік.

Қорыта айтқанда, туған жер тарихына саяхат



жасаған студенттер: «Бұл экскурсия менің Жәңгір хан туралы көзқарасымды өзгертіп жіберді» - деп экскурсияның тарихи-танымдық маңызы, әрі тәрбиелік әсері зор болғаны туралы ойларын ортаға салды. Отанға деген сүйіспеншілік туған жер тарихын білуден басталады. Өлкеміздің рухани тарихын тануға арналған экскурсияға қатысқан студенттердің риясыз көңілден айтылған пікірлеріне біз де қуанып қарадық.

Б.С.БОРАНБАЕВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

«100 жаңа оқулық: білім жаңғыруының бастауы»

Қараша айының 3-жұлдызында тарих, экономика және құқық факультеті экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы Мухамбеткалиева Фарида Кабдығалиевнаның ұйымдастыруымен «100 жаңа оқулық: білім жаңғыруының бастауы» атты онлайн танымдық сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты - Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жүзеге асырылып жатқан «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын студенттерге насихаттау.

Сайысқа экономика және менеджмент кафедрасында білім алатын бес студент қатысып, «Ұяшықтар», «Автор және оқулық», «Бөйге» деп аталатын үш кезең бойынша бақ сынады.

Танымдық сайыста экономика, бизнес, кәсіпкерлік, маркетинг, инновация бағытындағы оқулықтар қарастырылды.

Нәтижесінде Т-21 тобының студенті Қабекен Жұпархан 1-орынды иеленсе, 2-орынды Мен-31 тобының



студенті Сембаев Мақсат, 3-орынды Т-21 тобының студенті Қосалиев Нұрхат иеленді. Сайысқа белсене қатысқандары үшін Кереева Асем мен Тулегенова Айнагүл Алғыс хатпен марапатталды.

Альбина ЕЛЕУСИНОВА,
Э-41 тобының студенті

Ученые ЗКУ им.М.Утемисова выиграли 2 проекта по приоритету «Мәңгілік ел».

Одним из путей привлечения финансовых средств для развития научных исследований является участие ППС университета в конкурсах на финансирование научных проектов.

НОВЫЕ научные идеи

Решением ННС «Научные основы «Мәңгілік ел» (образование XXI века, фундаментальные и прикладные исследования в области гуманитарных наук)» №9 от 15-23 октября 2020 года были одобрены 2 проекта ученых нашего университета на 2020-2022 годы. Это проекты:

1. Поэтика современной казахской литературы: традиции и новаторство (на основе творчества писателей-поэтов Западно-Казахстанского региона). Руководитель – кандидат филологических наук, доцент Мутиев З.Ж.

Цель проекта: Взять в объектив исследования произведений поэтов и писателей Западно-Казахстанского региона, опубликованных в XX-XXI вв., выявление традиционных и новаторских граней современной казахской литературы. Результаты исследования выпустить в виде монографии «Поэтика современной казахской литературы: традиции и новаторство (на основе творчества поэтов и писателей Западно-Казахстанского региона)» (две книги), составление хрестоматий (две книги).

2. Синергетика самоорганизации казахизированных лексических инноваций в ментальном лексиконе: методологическая платформа междисциплинарного моделирования. Руководитель – PhD Алдашева К.С.

Цель проекта: Создать междисциплинарную модель самоорганизации казахизированных лексических инноваций в ментальном лексиконе путем применения методологической платформы синергетики и предложить научно-прикладные рекомендации по дальнейшему расширению функционирования лексических инноваций в социально-коммуникативном пространстве общества путем осуществления теоретических и эмпирических исследований.

Выигранные гранты позволят провести научные исследования на высоком научно-методическом уровне с последующей выработкой прикладных рекомендаций по их развитию и эффективному встраиванию в систему социальных и экономических отношений в стране с учетом результатов научных изысканий. В составе рабочих групп данных проектов - ведущие и молодые ученые, магистранты нашего университета.

Поздравляем наших победителей и желаем успешного продвижения своих научных идей и новых научных достижений!!!

Кажмура АХМЕДЕНОВ

День национальной валюты в ЗКУ

С 15 ноября 1993 года казахстанский тенге официально введен в обращение. Этот день Указом Главы государства официально объявлен Днем национальной валюты и официальным праздником работников финансовой системы страны и ознаменовал начало новой эпохи для государства.

ЗКУ им. М. Утемисова является одним из вузов западного региона страны, где осуществляется подготовка специалистов по финансовому направлению при факультете истории, экономики и права. Для преподавателей кафедры учета и финансов, а также студентов специальностей «Финансы» и «Учет и аудит» день финансистов также является особенным. Традиционно, на протяжении нескольких лет, на кафедре проводится ряд мероприятий, посвященных этому дню.

Несмотря на дистанционную форму обучения, в этот праздник, преподаватели и студенты не отошли от сложившихся традиций. Так, 17 и 18 ноября с помощью платформы ZOOM преподавателями кафедры Шамаковой Н.Г. и Баудияровой Э.Н. была проведена игра для студентов экономических специальностей с 1 по 4 курсы, которая называлась «Найди отличия!», а также интеллектуальная игра «Что? Где? Когда?», которая касалась понятий финансов и ее элементов.

Предварительно организатор данной викторины расскázала об истории возникновения данного праздника, а студенты гр. Ф22 – Сариев Арсен и Иржанова Альмира провели интересную игру со студентами.

Примечательно, что студенты первого курса с помощью данной игры ощутили студенческую атмосферу, имея возможность общения со студентами других курсов. Между турмами Иржанова Альмира продемонстрировала видеоролик, снятый на улицах города, где был проведен блиц-опрос с жителями города об истории возникновения казахстанской валюты и дня финансистов.

По мнению студентов первого курса, они ближе узнали об этом дне и особенностях денежных знаков – тенге, их уникальности и степенях защиты.

После игры они отметили, что будут гордиться своей национальной валютой и теперь знают, с какого времени в Казахстане появилась собственная фабрика по производству банкнот, на которой создают купюры с красивым дизайном и что подделать тенге непросто благодаря комплексным защитным элементам и др.

Но на этом цикл мероприятий не заканчивается. Впереди ждут еще не менее интересные мероприятия и встречи.

А пока мы поздравляем всех, кто имеет отношение к финансовой системе с днем финансиста и всех студентов и коллег с Днем национальной валюты, и желаем всем финансовой стабильности!


Н.ШАМАКОВА,
ст.преподаватель кафедры учета и финансов, к.э.н.
Э.Н. БАУДИЯРОВА,
ст.преподаватель, магистр

12 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Физика-математика факультетінің информатика кафедрасында ZOOM платформасы арқылы 1-курс студенттеріне арналған «Менің - құқығым, менің - міндетім» атты кураторлық сағат өткізілді.

Менің - құқығым, менің - міндетім

Онлайн конференцияға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Информатика кафедрасының ПОҚ және факультетіміздің декан орынбасары Маннапова Торғын Мендигуловна, п.ғ.к., доцент Медешова Айгул Бактығалиевна және «Құқықтану пәндері» кафедрасының оқытушысы, 25 жыл жұмыс өтілі бар, отставкаға шыққан полковник Қазиев Тайман Исмагулович пен оқытушы, магистр Куспанова Айгерім Жалғасқызы, сонымен қатар Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Дәрішева Түймеш Малбағаровна мен ассистент Ешимова Жанбота қатынасты.

Кураторлық сағатты топ кураторы, оқытушы, магистр Насырова Булбул Сагинғалиевна дайындаған шағын баяндамамен бастады. Баяндама барысында студенттер педагогикалық информатика, инженер-технолог саласында оқығанымен әркім өз құқықтары мен міндеттерін білу керектігін айтты. Баяндамада құқық, Конституция, конвенсия, азамат, жеке тұлға сияқты терминдерге тоқталып өтті. Баяндама соңында «Адам құқығы дегеніміз не?», «Өз құқығыңды білесің бе?» сынды сұрақтар қойылды. Сондай-ақ, келген қонақтарымыз екі тілде (қазақша, орысша) еркін түсіндірді. Сонын ішінде Тайман Исмагулович өз тәжірибесінде кездесетін жастар арасында бұзақылық, ішімдікке салыну жағдайларының



алдын-алу шараларын айта кетті. Айгерім Жалғасқызы да өз тәжірибесімен бөлісті. Заң тұрғысынан көрсетілген барлық ақпараттарды оқып әркім өз құқығын білуге, өз-өзін заң алдында қорғауға, заң барлық адамға тең берілетіндіктен заңға бағынуға шақырды.

Студенттер де қалыс қалмай, ойларымен бөлісіп, өздеріне қажет ақпараттарды сіңіре алды.

Кураторлық сағатты Тәрбие ісі Және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызы қорытындылады.

Жуырда университетімізде құқықтық пәндер кафедрасы меңгерушісі Л.Серикованың бастамасымен құқық қорғау органдары мен университет арасындағы әлеуметтік байланысты жетілдіру аясында онлайн шара ұйымдастырылды. Шарада Алматы қаласының Медеу аудандық сотының төрағасы Маликова Айгүл Шарипханқызы университетіміздің құқықтану білім беру бағдарламасының 2-курс студенттеріне қылмыстық құқық пәнінен «Жаза тағайындау» тақырыбында тікелей сот залынан «zoom» қосымшасы арқылы дәріс оқыды.

СОТ ЗАЛЫНАН ДӘРІС ОҚЫДЫ

Іс-шараға професорлық оқытушылық құрам мен студенттер қатысты. Дәрістің мақсаты – болашақ заңгерлерге қылмыстық жаза түсінігі, мақсаты, жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар туралы түсіндіру.

Дәріс барысында сот төрағасы Айгүл Шарипханқызы қылмыстық құқықбұзушылық жасалғаннан кейін міндетті түрде қылмыстық жауаптылық туындайтыны және заңда көрсетілгендей оған тиісті жаза тағайындалатыны, жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау әр судья үшін сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі сатысы болып табылатыны туралы баяндады. Сот жаза тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, қылмыстық кодексін, заңдарын, Жоғары соттың нормативтік қаулыларын басшылыққа алатыны туралы түсіндірді.

Дәріс соңында сот төрағасы студенттердің сұрақтарына жауап беріп, бұл шара әрі қарай жалғасын табатынын, студенттердің тікелей сот процесіне қатысу мүмкіндігі болатындығынан хабардар етіп, университетпен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы ұсынысын жеткізді.

18 қараша күні Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) БҚО бойынша департаменті превенция және парасаттылық басқармасымен бірлесе отырып, республикаға танымал қоғам қайраткерінің қатысуымен ZOOM бағдарламасы арқылы онлайн «Пайда ойлама, арды ойла...» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы рухани-танымдық семинар өткізді.

ПАЙДА ОЙЛАМА, АРДЫ ОЙЛА...

Семинар қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық білімді жетілдіру, жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту, әкімшілік тосқауылдарды болдырмау және жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау, қазақстандық патриотизмді дамыту, рухани құндылықтарымызды арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Қоғамдағы дерттің бірі болып отырған бұл мәселені күн тәртібінен түсірмей, қоғам болып, ел болып күресіп, азаматтық қоғамның белсенді өкілдерімен біршама тосқауыл қоюға болатыны анық.

Кеш модераторы – Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ғаниева Света Қадырбайқызы. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) БҚО бойынша департаменті превенция және парасаттылық басқармасының басшысы Хайруллин Біржан Марданұлы жалынды алғы сөзімен семинарды бастап берсе, Қазақстанның Еңбек сіңірген және ҚР Мәдениет саласының қайраткері, жазушы Сәуле Досжан «Ар, иман, адалдық – адамдық негізі» атты тақырыпта, саясаттанушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филолог Дос Көшім «Жемқорлықты жеңудің екі жолы» атты тақырыпта, гуманитарлық ғылымдар магистрі, жас қаламгер, әдебиеттанушы Базылбеков Маралбек «Абай түсіндірмесіндегі «қоршылық өмір» тақырыбында баяндама оқыды.

«Пайда ойлама, ар ойла» деген Ұлы Абай атамyzдың тағылымды сөзі әрбіріміздің жадымызда болуы қажет. Қазақ елінің гүлденуі, оның болашағы таза қоғамға байланысты болмақ, ал ол Сіз бен біздің өзіміздің жеке тәрбиемізден, ар-ожданымыздан басталмақ.

Сандуғаш САМАТҚЫЗЫ,
қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр

«Мамандық таңдауым – жүрек қалауым!»

27 қазан күні экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушылары Янтурсина З.Ю., Егзалиева А.Б. тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес дәстүрге айналған «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы студенттерінің танысу кешін ұйымдастырды. Жетінші жыл жалғасын тауып, «Мамандық таңдауым – жүрек қалауым!» атты тақырыппен алғаш рет қашықтан өткізілді. Танысу кешінің мақсаты – МжЖБ мамандығы бойынша университет табалдырығын аттаған 1-курс студенттерін жоғары курс студенттерімен таныстыру және осы мамандық бойынша бітіруші түлектерге сәттілік тілеп, естелік қалдыру.

Кеш барысында топ старосталары слайд арқылы өлең шумақтарымен әрбір студентке сипаттама беріп, таныстырып өтті. Танысу кеші еркін форматта өтті. Жоғары курс студенттері университет қабырғасында өткен қызықты сәттермен бөлісті. МжЖБ мамандығының 3-курс студенті, Президенттік шәкіртақы иегері Смағұл Мағжан 1-курс студенттеріне степендиант атанудың

Ойлаудан бастап шығарылымға дейін

4 қараша күні «Құқықтық пәндер» кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинар отырысында жас оқытушыларға арналған ғылыми мақала жазудың тиімділігін үйрету мақсатында «Ғылыми мақала: ойлаудан бастап шығарылымға дейін кезеңдері» тақырыпта заң ғылымының кандидаты, доцент Х.М.Кусдавлетов семинар өткізді.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының қызметі ғылыми жұмыстарды жүргізумен

Кездесу ұйымдастырылды

6 қараша күні физика-математика факультетінде «Классикалық және дәстүрлі музыка» атты Рахимова Жұмағаным Әбілхалыққызы кездесу өтті.

Кездесу барысында Жұмағаным Әбілхалыққызы факультет студенттеріне өз өмірінен қысқаша мәліметтер, еңбектері туралы сөз қозғады. Тіпті, кейбір шығарылымдарын алып келіп, студенттермен таныстырды.

Кездесудің екінші бөлімінде 1-2-курс студенттері арасында зияткерлік ойын ойнатылды. Студенттердің классикалық және дәстүрлі музыкадан қаншалықты хабардар екендігі көрінді.

Кездесу соңында Жұмағаным Әбілхалыққызы факультет студенттеріне тілегін айтып қоштасты.

Сән мен сымбат әлемі

Қараша айының 13-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Н.Майманова және ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегерлері А.Елеусинова, М.Смағұл, Б.Задагереева, З.Максимов, А.Маратованың ұйымдастыруымен “Сән мен сымбат әлемі” атты онлайн кездесу кеші өткізілді.

Кешке қонақ ретінде Орал қаласының белгілі визажисті Ақұштап Құспан, тәжірибелі дизайнер Сауле Сарманбекова, талантты фотограф Еркебұлан Тыныштықов қатысып, шеберлік сағатын өткізді. Шара барысында қонақтарға студенттер сән, дизайн, бояну және фотоөнер бойынша қызықтырған сұрақтарын қойып, тәжірибе алды. Сонымен қатар, кештің қатысушы студенттеріне арнап шеберлер өздерінің арнайы промокодтарымен жеңілдіктер ұсынды.

Альбина ЕЛЕУСИНОВА,
Экономика мамандығының 4-курс студенті

тығыз байланысты. Сабақтарды өткізуде ғылыми ұсыныстарды, әдістемелік әзірлемелерді пайдалану - білім беру бағдарламаларына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың барлық құрамдас бөлігі. Мұғалімдердің ғылыми жұмыстарының бір бағыты ғылыми мақалалар жазу арқылы ғылыми зерттеулер жүргізу. Ғылыми мақалаларды дайындау және жариялау кафедра профессор-оқытушылық құрамының ғылыми даярлығының қажетті деңгейін сақтайды.

Семинар жас оқытушылар үшін пайдалы болды.

АРМАНЫМ АДАСТЫРМАДЫ

11 жыл бойы алтын ұя мектебінде білім алып, қоштасар сәт те жақындаған еді. Алдымызда Ұлттық Бірыңғай Тестілеу сынағы күтіп тұр. Осы сынақтан кейін өзімнің армандаған жоғары оқу орнына қалайда түсетініме көміл сендім. Мектеп кезінде жүріп-ақ, болашақта қандай мамандық таңдап, қай қала, қай университетке түсетінімді нақты белгілеп, мақсат етіп қоя бастадым. Менің таңдауым Қазақстандағы ең үздік педагог мамандарды даярлайтын Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне түсті.

Қазақстанның табиғаты бай, тарихы терең, Ақ Жайықтың бойында орналасқан Орал қаласы мені өзіне тартты десем де болады. Әрі менің бұл таңдауыма маған БҚУ -дың сол жылдардағы 1-курс студенті септігін тигізді. Оқу ордасының сапалы білім беріп, талай жетістіктерге жеткенін және ұстаздардың өзісінің маманы екенін алға тарта отырып, таңдауымды ұсынған болатын.

«Ойларың – жетер жетістігің» демекші, міне, дәл қазір мен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих-география мамандығының 1-курс студентімін. Бұл университетке түскенімді білгенде менің де, жақындарымның да қуанышында шек болмады. Осындай еңселі оқу орнының студенті болу менің тағдырыма бұйырған бақ деп білемін.

Айгүл МЫРЗАҒҰЛ,
Тарих-география мамандығының 1-курс студенті



БҚУ - болашаққа бастар табыс кілті

Әрбір адамзат баласы бала шақтан болашаққа аттанады. Өмірге деген көзқарасы өзгеріп, белгілі бір кәсіптің тұтқасын ұстап, алтын қолды мамандық иегері атануды арман етеді. «Болашақта кім боламын? Қандай қызмет атқарамын? Елімнің өсіп-өркендеуі үшін қай салаға көп үлесімді қосамын?» деген сауалдар әрбір жас түлектің көкейінде жүргені анық. Өмірдің қызығы мен шыжығы қатар жүретін сәтте алтын ұя мектеп табалдырығынан аттап, үлкен өмірге аяқ бастық. Біздің алдымызда мамандық таңдау сәті тұрды. Мен өз таңдауымды қалай жасадым? Қайда бет алдым? Арман жолында маған ата-анамның, достарымның қолдауы өте ерекше болды. Мен сол кісілердің айтқандарын тыңдап, ой қорытып, жүрек қалауым бойынша тәуелсіз мемлекетіме үлес қосамын деп заңгер мамандығын таңдадым. Қазіргі таңда мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті құқықтық пәндер кафедрасының Құқықтану мамандығының 1-курс студентімін.

Мен неге БҚУ-ды таңдадым? Біріншіден, бұл – жоғары оқу орны 1932 жылдан бастап түрлі экономикалық қиыншылықтарды артқа тастап, соларға төтеп берген ең беделді оқу орнына айналды.

Екіншіден, универдің материалдық базасы заманауи

жасалып, техникалық жағынан жақсы дамыған.

Үшіншіден, ерекше көзге түскені – білім сапасының жоғары деңгейде болуы.

Төртіншіден, университеттің халықаралық, тіпті шетелдік байланыс жүйесі еш үзіліссіз.

Қорыта келе айтатыным, мен БҚУ-ды таңдағаным еш өкінбеймін. Себебі, БҚУ – сапалы білім, саналы тәрбие, көңілді орта, армандарды орындайтын, талай асуды бағындыратын, мақсатшыл, талпынысы мен ұмтылысы қатар жүретін жалынды жас қанат жастардың басын біріктірген орда. БҚУ бұл-талапты жастардың берік таңдауы!

Б.САЙПАУБАЙҚЫЗЫ,
Тарих, экономика және құқық факультетінің 1-курс студенті



Арманыма асынып келдім

Өмір жолымыздағы алғашқы ұзақ жолымыз мектеп қабырғасын жүріп өтіп, жас түлек атандық. Бұл алғашқы белесіміз болса, үлкен белестер әлі алда болатын.

Өмірдегі ең маңызды таңдаулардың бірі – мамандық таңдау. Иә, маған мұны шешу біраз қиынға түсті. Менің алдымда екі таңдау тұрды: бірі - музыка әлемі болса, бірі - ардақты ұстаз болу. Тарих пен география пәндерін бала кезімнен сүйіп оқыдым. Ойлана келе неге ұстаз болып, ел болашағының кемелдеуіне жол ашар ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесімді қоспасқа деп шештім. Бұл мақсатқа ең алдымен керегі - Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден ойдағыдай ұпай жинадым. Сөйтіп мен Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті атандым. Өз арманыма жетуге қадам жасайтын оқу орнын таңдау маған қиынға соқпады. Себебі, мұндағы жоғары дәрежелі білімнен мен де сусындағым келді, ардақты ұстаздарынан тәлім алып, үздік маман болып шығуды мақсат тұттым. Тынбай дайындалып, «білім грантын жеңіп аламын» деген арманыма жол аштым. Қазір міне, мен студентпін!

Айсәнім НҰРЫМОВА,
Тарих-география мамандығының 1-курс студенті



Жаратылыстану-география факультетінің ГТ-11 тобы мен жетекшісі Айнура Кенжалиевна Хайруллинаның ұйымдастыруымен 13 қараша күні Әбу Насыр әл – Фарабидің 1150 жылдығына орай «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты кураторлық сағат өткізілді.

Ұлы даланың ұлы тұлғасы

Шараның мақсаты – студенттерге ғұламаның еңбегін ұлықтау, жастарға өнеге болатын тәлім-тәрбиесін насихаттау, ғұламаның жан-жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында ізденіс жүргізу.



Шара барысында әлемнің екінші ұстазы Ұлы ойшылдың өмір жолы, шығармашылығы, ақындық өнері толықтай таныстырылды. Топ студенттері ғұламаның өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіріп оқыды.

Ұлы тұлға қалдырған нақыл сөздердің мән-мағынасын ашып, ғұлама жайындағы қызықты деректерді келтіре өз ойларын ортаға салып, кураторлық сағатты әсерлі де, тартымды ете түсті.

Ғұламаға арналған терең мағыналы шараны бекіту мақсатында кері байланыс ретінде сұрақ-жауап айдары болды. Бұл студенттердің тәрбие шарасынан алған деректерін одан әрі пысықтауға зор мүмкіндік болды.

Шара соңында қатысушы қонақтарымыз Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Түймеш Малбағаровна, факультеттің тәрбие ісі бойынша декан орынбасары Жаннат Санкибаевна сөз алып, ұйымдастырушыларға өз тілектерін, алғыстарын білдірді. Кураторымыз Айнура Кенжалиевна шараның жоғары дәрежеде өткенін жеткізді.

Айсәнім НҰРЫМОВА, Айгүл МЫРЗАҒҰЛ,
ГТ-11 тобының студенттері

Дәріс оқыды

12 қараша күні «Құқықтану» кафедрасының оқытушысы Оғуова Ақжамал Қадыржанқызының ұйымдастыруымен 4-курс студенттеріне «Адвокатура» пәнінен «ZOOM» арқылы «Дом Права» адвокаттық кеңсесінің төраға орынбасары, адвокат, заң магистрі Ернарзов Жомар Тілекбабылұлының қатысуымен «Адвокаттың қылмыстық істер бойынша заң көмегін көрсетуі» тақырыбында дәріс өткізілді.

Дәрісте Адвокаттың қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар, қорғаушыны шақыру, тағайындау және ауыстыру, қорғаушының міндеттері туралы сұрақтар қаралды. Дәріс барысында заңдағы өзгертулер мен толықтырулар, шет мемлекет елдерінің адвокатура жүйесі туралы талқыланып, студенттердің көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алынды.



12 қараша күні физика - математика факультетінің МФ/у-23 тобының ұйымдастыруымен Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына орай «Әл-Фараби – шығыстың ғұлама ғалымы» атты кураторлық сағат оздырылған болатын. Өз кезегінде шараға Жәшім Нұрпатша Бекболатқызы жетекшілік ететін МФ-21, МИ-21, МИ/у-23 топтары қатысты.

Шара барысында «Екінші ұстаз» атанған шығыстың ойшыл ғалымы Әл - Фараби жөнінде қызықты деректер келтіріліп, өмірбаянымен толығырақ таныстырып өтті. Ғұлама қалдырған нақыл сөздердің мәнін аша отырып, өз ойларын ортаға салған студенттердің пікірталасы шара көркін аша түскендей. Біз тек ғалым ретінде танитын

Әл-Фараби – шығыстың ғұлама ғалымы

ұлы ойшылдың:

Қашықтасың туған жер - қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен.

Қанатым талды менің,

Шаңқыт жолға сарылып қарауменен, - деп бастау алатын өлеңін нақышына келтіріп оқып берген кезде студенттердің шараға деген қызығушылығы одан әрі



арта түсті. Ұйымдастырушылар таныстырған толыққанды мәліметтен соң, кері байланыс ретінде қызықты сұрақтар қойылды. Шара соңында Нұрпатша Бекболатқызы сөз алып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Қатысушы студенттер де шараның жоғары деңгейде өткізілгенін жеткізіп, өз алғыстарын айтты.

Асыл ҚҰРАМИСОВА,
МФ-21 тобының студенті

ТҰЛҒАСЫ ТҰҢҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ

Қарашаның 11-жұлдызында университетіміздің құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Қ.М.Досжанов құқықтану мамандығының 3-курс студенттеріне аты аңызға айналған қазақтың біртуар перзенті, әйгілі қолбасшы, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толуына орай батырдың есімін ұлықтау, өшпес ерлігін дәріптеу мақсатында «Тұлғасы тұңған тәлім, есімі елге мәлім» атты тәрбиелік шара өткізді.

Тәрбиелік шара барысында батырдың сұрапыл соғыс жылдарында ұрыс алаңдарында жасаған ерліктері, соғыстан кейінгі жылдардағы жасаған қызметтері, естеліктері жайлы айтылып, бейнежазбалар да ұсынылды.

Александра Бектің «Волоколам тас жолы» кітабын негізге ала батырдың ержүрек қайтпас қайсарлығы, аса дарынды стратег, тактик қолбасшылық қасиеттерін сипаттау арқылы шараның негізгі бөлімі желісін тапты. Тіпті Куба басшысы Фидель Кастроның да түрмеде отырған кезде көзқарасының нығаюына әсер еткен осы шығарманың негізгі кейіпкері біздің қазақ батыры екені де назардан тыс қалмады.

Студенттер еліміздің әр өңірінен байланысқа шығып,

жергілікті кітапханалардан Бауыржан Момышұлының өзі жазған кітаптарын және батыр жайлы жазылған естеліктермен таныстырды. Көпшілік біле бермейтін батыр жайлы тың деректер баяндалып, көпшіліктің назарына ұсынылды.

Шара соңында университетіміздің Тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішева шараға оң бағасын беріп, ұсыныс-тілектерін жолдады. Түймеш Малбағарқызы студенттерге батырдың қайсарлығы мен шыншылдығы туралы пікір білдіріп, студенттерге заңгер ретінде осы қасиеттерді бойларына сіңірудің маңыздылығын түсіндіріп қана қоймай, болашақ жастардың жалын - жігері мен біліміне тікелей байланысты екенін жеткізді.

Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы — Алтын Орда

16 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінде Алтын Орданың 750 жылдығына орай дөңгелек үстел өткізілді. «Zoom» платформасында онлайн өткізілген шараның мақсаты – мемлекеттілігіміздің тарихы тереңде екенін насихаттай отырып, жастардың тарихи санасының қалыптасуына әсер ету.

Жиынға факультеттің студенттері мен магистранттары белсене қатысып, қазақ және орыс тілінде тақырыпқа қатысты өз баяндамаларын оқыды. Ист-41 тобының студенті Мұхтар Әділ Алтын Орда кезінен жеткен жер-су атаулары туралы тың мәліметтер келтірді. Ал, тарих мамандығының 2-курс магистранты Жақсыбай Асылгүл облыстық өлкетану музейінен қатысушыларға онлайн экскурсия жасап, ортағасырлық Жайық қалашығы туралы қызықты ақпараттармен таңқалдырды. Өз кезегінде Ист-42 тобының студенті Нұржанқызы Гүлдана Алтын Орда хандарының тарихына

тоқталып өтті. Шара соңында тәрбие жұмысы және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі проректор Т.Дәрішова сөз сөйлеп, тарих факультеті ұйымдастыратын шараларға басқа мамандықтан студенттерді көптеп қатыстыру туралы ұсыныс айтты. Дөңгелек үстел жұмысын қорытындылай келе, ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі А.Байбулсинова ұйымдастырушы-модераторлар, кафедра оқытушылары Г.Жалекенова мен А.Есеналинге алғыс білдірді. Қатысушы студенттер де шараның қызықты болғанын айтып, жиі өткізу туралы ұсыныстарын жеткізді.

Ұлы дала тарихы

Биыл Ұлық ұлыс – айбынды Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Осыған орай дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының оқытушы-магистрі А.А.Мухамбетжанованың ұйымдастыруымен 1-3-курс студенттерінің арасында онлайн түрде «Ұлы дала тарихы» атты лекция-концерт ұйымдастырылды. Шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тәрбие бөлімінің аға консультанты Ж.Е.Ешимова және факультеттің оқу-ісі жөніндегі декан орынбасары Р.Ж.Куаншалиева қатысты.

Шарада «Алтын Орданың құрылуы» тақырыбында ТМИ-31 тобының студенті Сапарғалиева Аяжан таныстырса, «Алтын Орданың күшеюі» атты баяндамасын ИИ-31 тобының студенті Бабанова Алтынай, «Алтын орданың өлсіреуі» атты баяндамасын

ТМИ-31 тобының студенті Батырғазиева Аружан, «Алтын орданың қоғамдық құрылысы» тақырыбында ИИ-32 тобының студенті Кереева Эльнара оқып берді. Студенттеріміздің орындауында дәстүрлі ән-термелер орындалып, күйлер тартылды. Атап айтсақ, Алматы қаласында өткен республикалық «Тайжарыс» байқауының Гран-при иегері, республикалық «Дала сазы» байқауының Гран-при иегері, шебер домбырашы Байғұтты Қайрат пен 1-курс студенті Нариманова Жұлдыздың орындауында «Күй тартыс» орындалды. Ал Болғанбаев Кеңесарының орындауында «Ұлы тауда өткен ұлы ойлар» атты терме тыңдалды. Сондай-ақ, 1-курс студенті Еролла Майра Ғарифолла Құрманғалиевтің «Әнші дауысы» әнін әуелете шырқады. 3-курс студенттері домбыра, кобыз, баян аспаптарында Дәулеткерейдің күйі «Көроғұлыны» орындады. Топ кураторы А.А.Мухамбетжанова Керей мен Жәнібектің заманын, Асанқайғы туралы баяндады.

Шара соңында 1-курс студенті Болғанбаев Кенесары «Махамбеттің термесін» шырқады.

Балмұздақ болғаның кеше ғана, көзді ашып-жұмғанша алғашқы сессия да келіп қалыпты! Сенің бойыңда: үрей, қорқыныш, қызығушылық, толқыныс, түрлі сезімдер орын алып үлгерген де болар?! Ендеше, алғашқы сессияға дайындық туралы психологтардың ұсынысын назарыңызға ұсынамыз, құрметті студент!

Емтиханға психологиялық тұрғыдан қалай дайындалуға болады?

- Емтиханға алдын-ала дайындала бастаңыз, бірте-бірте, бөлек бөлікпен, сабыр сақтаңыз;
- Егер күш пен ойларды жинау өте қиын болса, ең жеңілдіктен бастаңыз, содан кейін қиын материалдарды оқып шығыңыз;
- Ішкі кернеуді, шаршауды жеңілдетуге және релаксацияға қол жеткізуге көмектесетін күнделікті жаттығуларды орындаңыз.

сұрақтар бар, сіз жауаптарын жақсы жақсы білетін билет болады, тек қана сіз өз ойларыңызды жинақтасаңыз болғаны.

11. Ерекшелік әдісімен әрекет етіңіз! Берілген жауаптардың нақты жарамсыз екендігін дәйекті түрде алып тастаңыз.

12. Егер сіз жауаптың дұрыстығына күмәндансаңыз, таңдау жасау қиын. Сіз өз түйсігіңізге сеніңіз!

13. Айқын қателіктерді байқап көру үшін көзіңізбен бір жүгіртіп өтіңіз, ең болмағанда сіздің жұмысыңызды тексеру үшін уақыт бөліңіз.

ақыл-ой стрестігінен, физиологиядан туындаған ең көп мәлімделген салмақтар - олар ұйқының болмауы, үстелде ұзақ отыруы, оқудың арқасында көздің ауыр тиюі, физикалық күштердің аздығы, жаяу жүру, психологиялық емтиханды тапсырудан қорқу, күтілетіннен төмен баға алу, ата-аналардың жазалау қорқынышы, мұғалімдер мен сыныптастардың төменгі белгілері және т.б. Стресті жағдайдың ең оңай жолы - оған қатысты көзқарасты өзгерту. Маркус Аврелийдің мәлімдемесін жақсы білеміз: «Өзіңе ыңғайсыз нәрселерге

үшін кейбір қарапайым ұсыныстарды атап өтуге болады.

Психологтың ұсыныстары

- Ұтымды тәртіптілікке ұмтылыңыз. Тәртіптің жетіспеушілігі, тәртіпсіздіктің және созылудың бейімділігі өте босаңсыту және стресске ұшырауы мүмкін.
- Стрессті төмендетудің ең оңай жолдарының бірі өмірдің қарқынын азайту болып табылады.
- Тыныштандыратын құралдарға әуес болмаңыз!
- Стрессті жағдайдан шығудың ең жақсы тәсілдерінің бірі - жаттығу, қозғалыс. Жаяу, жүгіру, велосипедпен жүру, биге бару, бассейнге бару немесе теннис ойнауға уақыт бөлуге болады. Таза ауадағы тұрақты серуендер мен ойындар кемінде бір сағатты құрауы керек, дене шынықтыруды, жаттығуды, жүзуді ұмытпаңыз.
- Мысықтар, иттер, хомяктар, құстар және басқа да үй жануарлары - күнделікті тиімді режимді қалыптастыруда және стресстің алдын алуда жақсы көмекшілер.
- Комедиялық фильмдер жақсы рөл атқара алады. Сатирист жазушылардың туындыларын оқу көңілді көтереді.
- Табиғатпен оңаша болудың өзі күнделікті шиеленістен, ауыр ойлардан арылта алады.
- Емтиханға дейін шамадан артық тамақтанбаңыз. Витаминдер мен йодпен теңестірілген тағамдар ұсынылады. Банан, шоколад жеу, лимонмен шай ішкен жақсы.
- Кофе психикалық белсенділікті ынталандырады, емтихан кезінде оқушылар мен студенттерге ұсынылады. Алайда кофе көп мөлшерде өсіп келе жатқан денеге зиян: кішкене кесе кем дегенде 3-4 сағатқа созылады.
- Сіз аутотренинг жасай аласыз.

Ыңғайланып отырыңыз немесе жатып көзді жабыңыз. Денеңіздің әр бөлігін, саусақтарыңыздың ұштарынан ұшына дейін босаңсуын күтіңіз. Бұл сезімді толығымен босаңсып жатқанда, отырғанда жалғастырыңыз.

• Бұлшықет кернеуін релаксациямен алмастыруға тырысыңыз (5-7 секунд - кернеу, 20-30 секундтық релаксация). Бұл процедура стрессті тиімді түрде жояды және жақсы ұйқыға ықпал етеді.

Ең бастысы, емтихандар жаңа жеңістер мен жетістіктерге жету жолын түсіну, олар тек білім алушылардың білім деңгейін анықтап қана қоймай, жаңа жетістіктерге жол ашып, таным мен жеке даму мүмкіндіктерін кеңейтеді!

Көзіңіз талса не істеуге болады?

Емтиханға дайындық кезеңінде көздің күші артады. Егер көз шаршаса, онда дененің шаршағанын білдіреді: емтихан тапсырмасын орындау үшін жеткілікті күші болмауы мүмкін. Көздеріңізді демалтуға тиіссіз. Кез келген екі жаттығуларды орындаңыз:

- солға - оңға (15 секунд) кезекпен жоғары және төмен қарай қараңыз (25 секунд);
- Өзіңіздің аты-жөніңізді, атыңызды, тегіңізді көзіңізбен жазыңыз;
- Көзіңізді қашықтағы затқа (20 секунд) кезекпен қойыңыз, содан кейін қағаздың бір бөлігіне қараңыз (20 секунд);
- Сағат тіліне қарсы, содан кейін қарсы бағытта көзіңізбен шаршы, үшбұрыш сызыңыз.

Тамақтану

Тамақ 3-4 есе, жоғары калориялы және витаминдерге бай болуы керек. Жаңғақтар, сүт өнімдері, балық, ет, көкөністер, жемістер, шоколадты жеуге болады. Тағы бір кеңес: емтиханға дейін шамадан тыс тойып алмаңыз.

Емтихан кезінде өзіңізді қалай ұстау керексіз?

1. Емтиханға бір күн бұрын қалғанда ештеңе жасамаңыз. Егер сіз бірдеңені оқымай қалсаңыз, тырыспаңыз. Демалыңыз және алдағы емтихан туралы ұмытыңыз.
2. Емтихан алдында ұйқыны қандыру керек.
3. Міне, сен аудитория есігінің алдындасың. Сабыр сақта! «Мен сабырлымын! Мен мүлдем сабырлымын» деп бірнеше рет айтыңыз.
4. Көңіл-күйіңізді реттеңіз, ойларыңызды жинақтаңыз.
5. Аудиторияға бәрі жақсы болады деген оймен батыл түрде кіріңіз.
6. Жайланып отырып, арқаңызды тік ұстаңыз. Сізде бәрі сәтті болатынын ойлаңыз. «Мен мүлдем сабырлымын» дегенді есте сақтаңыз. Оны бірнеше рет іштей қайталаңыз. Соңында саусақтарыңызды бір жұдырыққа жинаңыз.
7. Өзіңізді жеңілдетуге арналған бірнеше жаттығу жасаңыз:
 - Ыңғайлы отыр;
 - Мұрын арқылы терең тыныс алыңыз (4-6 секунд);
 - Тынысыңызды ұстап тұрыңыз (2-3 секунд) және ұзақ шығарыңыз.
8. Алаңдамау үшін мұқият тыңдаңыз, емтихан бланктерін толтыруда артық сұрақтар қоймаңыз. Сізге бәрін түсіндіреді: бланкті қалай, қандай әріппен толтыру керектігін.
9. Басқаларға назар аудармауға тырысыңыз.
10. Барлық сұрақтарға қарап, сізде күмән жоқ жауаптардан бастаңыз. Сонда сіз тыныштық пен жұмыс ырғағына енесіздер. Кез келген емтихан билетінде



Қалай дайындаламын?

Емтихандар кезінде стрессті қалай жеңуге болады?

Стресс (ағылшын тілінен - қысым, стресс) - әртүрлі эффектілерге жауап ретінде туындайтын адами жағдайлардың кең ауқымын белгілеу үшін қолданылады. Студентке арналған стресс - әдеттегі, өте белгілі жағдай. Бірақ егер әрбір бақылау сынағы толқулармен, сынақпен, емтиханмен бірге жүрсе - ағза үшін ол бекер етпейді. Адамның күйзелістегі күйі нақты физиологиялық өзгерістерге ұштасады: қысымды жоғарылатады, тез жүрек соғады, терлейді, тыныс алуы тездетеді және т.б. Стрессті белсенді мобилизациялауға және белсенділікке (қиындықтарға) теріс әсеретуі мүмкін екенін білу керек. Стресс өмірлік жүйелердің функционалдық белсенділігін күшейтеді, денені іс-әрекетке дайындайды, қауіп-қатермен күресуге немесе одан қашуға мәжбүр етеді. Стресстік жағдай, стресстік жағдайлар адам үшін қауіпті емес және оның денсаулығына зиян келтірмейді, бірақ егер жүктеме трансцендент болмаса, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде дененің жағдайға бейімделуі мүмкін. Емтихандар барысында ақпараттың шамадан тыс жүктелуінен, жоғары

деген көзқарасыңды өзгерт, сонда сен олардан қорғаныста боласың». Стресстік денсаулығының алдын алу

Алда келе жатқан аралық бақылауда сәттілік тілейміз!

Танымдық кеш оздырылды

Қазан айының 30-жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультеті құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, топ кураторы А.Ж.Куспанова және «Құқықтану» мамандығының ЮР-37, 41, 45 топтарының ұйымдастыруымен «Ұлы дала фольклоры мен музыкасының жолы» атты онлайн форматтағы ашық кураторлық сағат ұйымдастырылды.

Кеш қонағы ретінде А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі, мектеп оқушыларынан құрылған «Атамекен» ұлт-аспаптар ансамблінің жетекшісі Зауреш Кабдрахманқызы шақырылды. Шараның мақсаты – қазақ фольклоры мен музыкасын сақтау, ұлы дала мұрагерлерінің халық шығармашылығының үздік үлгілерін жинау және музыкалық аспаптар, ауызша шығармашылық, арнайы музыкалық жанрларды (күй, жыр, айтыс) насихаттау.

Шара барысында студенттер кеш қонағына өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, біршама пайдалы кеңестер мен кеш қонағы жайлы көптеген ақпараттар алды. Танымдық кеш барысында Зауреш Кабдрахманқызы өзінің өнерлі шәкірті Аманжол Меруертпен Құрманғазының «Адай» күйін қонаққәде ретінде ұсынды. Кеш құқықтық пәндер кафедрасының 3-курс студенті Мұхамеджанның керемет әнімен аяқталды. Шараның ұйымдастырушысы топ кураторы Куспанова Айгерім Жалғасқызы кеш қонағына өзінің тілек-лебізін білдірді.



Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А.Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№7 (32), қараша, 2020 жыл

Жас келсе іске

ЖАС КӨШБАСШЫ «ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫНА» ИЕ

Бүгінде дүние жүзінде волонтерлікпен айналысу үрдісі кең таралып, әлемдік қозғалысқа айналғаны мәлім. Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы тамыздың 26-сындағы №135 Жарлығымен 2020 жыл Волонтерлар жылы аталды. Жалпы «ерікті болу» сөзі қанымызға жат сөз емес. Тарихтан мәлім, кезінде ата-бабаларымыз жер аударылып келген түрлі этнос өкілдеріне шын жанашырлық көрсетіп, бауырына басқан-ды. Шынайы жанашырлық көрсету – қазақ халқына тән қасиет. Президентіміздің өзі де тілге тиек етіп, хакім Абайдың «Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін» тұрғысындағы ұлағатты сөзін келтіре келе: «Волонтерлік – патриотизмнің бір көрінісі. Еріктілер, ең алдымен, елдің игілігіне қызмет етеді. Олардың жұмысы азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Волонтерлік – бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып әрекет ету. Волонтерлік – халқымыздың шынайы болмысы. Бұл бастама ұлтты ұйыстырып, мемлекеттілікті нығайту үшін қажет» деген-ді.



Ғаламторға жүгінсек, волонтер – ешбір ақы-пұлсыз қоғамдық пайдалы іс-әрекетпен айналысушы адам. Волонтерлік іс (лат.тілінде voluntarius – ерікті) – көрсетілетін қызметтердің кең ауқымдылығы, өзара көмектің дәстүрлі түрлерінің артуы. Волонтерлікпен айналысатын тұлғаларды волонтер атайды. Олар ақысыз-пұлсыз ерікті түрде қоғамдық пайдалы жұмыстар атқарады. Бүгінде волонтерлік қызмет түрлеріне ағаш отырғызу, өсімдіктерді өсіру, көгалдарды баптау, түптерді күтіп отырғызу, егде адамдарға, қамқорсыз қалған бала-шағалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі мүгедектерге, бұрынғы тұтқындар сияқты әлеуметтік санаттардағы азаматтарға көмек көрсету; жануарларды қамқорлыққа алу, қорықтар мен хайуанаттар саябағына ерікті түрде жәрдем ету; аулаларды, жер телімдерін, қала көшелерін абаттандыру; салауатты өмір салтын насихаттау; экологияны жақсарту бағытында қоқыстарды жинау, сенбіліктер ұйымдастыру; қайырымдылық концерттері мен театр қойылымдарын ұйымдастыру; нашақорлыққа,



СПИД-ке, жасөспірімдердің кейін саусақ тістерліктей өкінішке ұшырамауы үшін, қылмысқа қосылып кетпеуі үшін алдын ала жоспарлы үгіт-насихаттар жүргізу т.б.

Волонтердің еңбегі ақысыз. Бұл тұста жас волонтерлер бұндай қадамға көбіне тәжірибе жинақтау үшін, өмірлік қажетті білім-дағдыларды жұғысты етіп, білім қорларын арттыру үшін, дербес қарым-қатынастық қағидаларына көз жеткізу үшін жұмыс жасайды. Демек, волонтерлік қызмет – көпшілікке өз еркімен көмек беру, өтеусіз жұмыс жасау. Бұл іс көптің қолынан келе бермейді. Себебі ерікті болу ерлікпен пара-пар дер едік. Қоғамның пайдасы үшін кез-келген тиімді қызметті жасап, әлеуметтік белсенділік танытып жүрген жандар арнайы алғысқа лайық. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті де дәл осындай абзал жандардан кенде емес. Жақында болашағынан үлкен үміт күттіретін осы саптағы жас көшбасшылардың бірі, білгенін әрқашан үйретуден жалықпайтын, тынбай еңбек ететін университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректорының көмекшісі Ешимова Жанбота Есенғалиқызы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығы бойынша «Халық алғысы» мерекелік медалімен нағрадалды.

Қысқасы, қоғамға пайдалы болғанға не жетсін. Адамның салыстыруға бейім келері рас. Мұқтаждыққа шырмалғандарды көргенде өз өміріңе шүкірлік етесің. Қайырымдылық жасау арқылы адамның жүрегі жіби түсері, қатқыл қаталдықтан ада болары сөзсіз. Америка ашып тастамасақ та, өзгеге көмектесу, мұқтажға жәрдемдесу, осы тұста қолдан келер істен аянып қалмау жөн болар. Ең бастысы – адал ниеттің болуы. Демек, адам баласы қоғамсыз өмір сүре алмайды. Ендеше бүгінгі біздің ең жақсыларымыз – өз қоғамына пайдалы бола білген тұлғалар. Біздің Жанбота – осы саптағы жас. Осынау қиын да күрделі кезеңде тер төгіп жүрген Жанботаға айтарымыз ішкен-жегенің адал болғай, құдайым күллі тілегіңді қабыл еткей! Ілгері сан тарау тірлігіңде Сізде мойымайтын маңдай, еш нәрсеге таңғалмастай таңдай болғай!

Жанар ҚАБДІРАХИМОВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері



Жастық шақ - құндылық

Әр адамның жадында ерекше естеліктерімен жатталып қалатын студенттік шақ, студенттік өмір ешқашан ұмытылмайды. Қызығы мен шыжығы мол осы бір төрт жыл талай естен кетпес сәттердің, әсерлі әңгімелердің арқауы болып, кездесуіміздің көрігін қыздырары хақ. Сәні мен салтанаты, мәні мен мағынасы мол өмірдің кейіпкерлері – студенттердің әр күні мерекедей өтсе де, күнтізбеде белгіленген өзіндік мейрамы да бар. Ол – 17 қарашадағы халықаралық студенттер күні. Осы бір мерекенің белгілену тарихы айтарлықтай қызықты да көңілді емес. Бұл күннің қанды оқиғамен байланысты екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. 1939 жылы 28 қазан күні фашистер басып алған Чехословакияның студенттері мен ұстаздары өз мемлекеттерінің құрылғанына жиырма бір жыл болғанын атап өту үшін шеруге шығады (28.10.1918 ж). Басқыншы фашистер шеруді күшпен басып, сонымен бірге медицина факультетінің студенті Ян Оплеталды атып тастайды. 1939 жылғы 15 қарашадағы Ян Оплеталды жерлеу рәсімі қайтадан наразылыққа ұласады. Шеруге шыққандардың көбі қамауға алынған. 17 қарашада қаныпезер гестапошылар мен эсэстер студенттік жатақханаларды қоршауға алып, 1200-ден астам студент ұсталып, Заксенхаузендегі концлагерьлерге қамалады. Студенттік қозғалыстың тоғыз белсенді студенті Праганың Рузина ауданында түрме қабырғасында сотсыз дарға асылады. Қанішер Гитлердің бұйрығымен Чехиядағы барлық оқу орындары соғыс аяқталғанға дейін жабылады... 1946 жылы 17 қарашада Прагада өткен Бүкіләлемдік студенттер конгресінде чехиялық студент-патриоттардың құрметіне орай осы күнді Халықаралық студенттер күні ретінде атау ұйғарылды. Міне, жалынды жастық шақтың мерекесі - студенттер күнінің қысқа тарихының үзіктері осындай. Ең бастысы, студенттер күні – жастық жігер, жас талаптар, адалдық, кіршіксіз тазалық күні.

Біз қазіргі таңда бақытты студенттерміз. Қой үстіне

бозторғай жұмыртқалаған заманда соғыстың не екенін білмей, алаңсыз білім алудамыз. Бұл – бізге берілген бақ. Өкініштісі – соңғы уақыттағы пандемия, коронавирус індетінің кедергі болуы. Десек те, дамыған заманда бұл іспетті уақытша қиындық білім жетілдіруімізге еш кедергі бола алмас. Тек қара шаңыраққа деген - әр студенттің сағынышы...

Қадірлі Фил-41-тобының («Филология:қазақ тілі» мамандығы, IV курс) студенттері, қымбатты құрбыларымыз! Сіздердің әрқайсыңызды Халықаралық

студенттер күнімен құттықтаймын! Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұн айтқандай, «Жас жігерге табын, білсең сол барың, Бос өткізбей ізде зейнет жолдарын». Армандарыңыз аласармағай! Өмірлеріңіз тек жарқын естеліктерге толы болсын! Білім теңізінде талмай, жасымай, биіктен көріне беріңіздер! Дипломдарыңызды қолға алып, жұрт сүйсінер өз ісіңіздің білікті майталмандары болыңдар!

Жанар ҚАБДІРАХИМОВА,
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

Жастыққа қиындық шақ келмес





«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №10(21), қараша, 2020 жыл

Тәуелсіздік – киелі ұғым

Тұңғыш Президент және мемлекеттік тіл

Толарсақтан саз кешіп,
тоқтамай тартып шығарға
қас үлектен туған қәтепті
қара нар керек біздің бұл іске.

Махамбет

Тілдің қадірін білмеген кімнің қадірін білмек. Тіл мәселесіне қатысты бұрын-соңды ешкім айта қоймаған тың ой айту оп-оңай шаруа болмас. Өзімізге салсақ, бұрын айтылған ойды қайта-қайта қаузауға құмар емеспіз. Десек те, алдыңғы кезекте айтыла тұрса да, қолға алынуы кеше-уілдеп жатқан, жүзеге асуы әлі де үйлесіңкіремей тұрған, не көзден таса, көңілден қалыс қалыңқырап жүрген кейбір кезек күттірмес қомақты мәселелерге акцент беру орынды. Ел Тәуелсіздігінің 29 жылдығы қарсаңында мемлекеттік тілге қатысты бірқыдыру елдік мәселелерді тілге тиек ету заңдылық іспетті.

Қолымызға жаңа Қазақстанның жастарына арналған *«Менің 100 кітабым» кітапханасы сериясы* бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ақыл-парасат кітабын» қайтара алдық. Еңбекте *«Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі»* тақырыбында Елбасымыздың ұлт Тәуелсіздігі туралы 45 пікір-тұжырымы, ал мемлекеттік тіл хақында *«Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады»* тақырыбында 135 тұжырымды қағидалары топтастырылып оқырманға ұсынылған. Бұл – *«көсем-қиында, шешен-жиында»* дегендей, Елбасымыздың Ел Тәуелсіздігі тұсындағы, яғни, сандаған жылдар бойғы алуан жағдаяттар белесінде қорытқан толайым түйіндері. Бұл аз емес. Енді осы 180 толымды түйін таратыла-таразылана өз шешімін табуы тиіс. Бастысы осы 180 толағай тұжырым бүгінгі саналы жаңа ұрпақ санасына егілуі тиіс.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал»*, -деп бастайды. Орынды айтылған сөз – орнына қағылған шеге. Тыңдалмаса – сөз жетім. Ендігі кезекте дуалы ауыз кеудесін кере айтылған мәңгілік мәмілені әрбір ұлт ұрпағы саналы тұрғыда жан жүрегімен ұғатындай етуіміз қажет. Одан әрі Елбасы: *«Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі»*, -деп шегелейді. Шынында да, тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік киелі бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттықтың құны бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадір-қасиеті бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ала ма? Бүгінгі ұрпақ Ел Тәуелсіздігінің қадірін жете сезіне ме? Біздіңше, бұл сауалдар бойынша бір кісідей терең ойлану өз алдына, осы жолда әр кез қамдану керектігі айқын.

Қуанарлығы – Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның өзінің бірде-бір қадамымен, іс-әрекетімен немесе тіпті бірде-бір сөзімен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеген мемлекеттің бірегей үздік өнегесі тұрғысында әлемге танылуы жан дүниенді марқайтады.

Елбасымыз: *«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, Тәуелсіздікті мәңгі ұстап қалу одан әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткерген тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа жөнсіз тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген»*, -деп тұжырымдайды. Демек, Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға да соншалықты қажыр-қайрат керектігі айдан анық. Біздіңше, Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдей түсу жолындағы баса салмақ салар мәселелердің бір шоғыры *төмендегіше*:

- *Халық айтса, қашан да қалт айтпайды*. Бабалар сөзіне сүйенсек, тілін білмеген түбін білмейді. Елбасы айтпай ма: *«Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат: «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!»* деп ой-санасын қамшылауы керек» деп. Демек, бүгінгі оқу-тәрбие жұмысын осы бағытта аса сақтықпен саналы түрде өрбіту қажеттігі күн тәртібінен түспеуі тиіс, тіпті бұл бағыттағы кешенді жұмыстарымызды еселеп арттыру қажет, ұлттық дәстүрге айналдыру шарт. Қолға тиген киелі Тәуелсіздігімізді сақтау жолында еліміздің әрбір азаматы ойлануы тиіс. Бейқамдыққа, аңғалдыққа жол жоқ.

- *Тексіздік – тілсіздіктен*, «Тілі бар халық – халық, Тілі жоқ халық – балық» демей ме атам қазақ. Қазақтығымыз – қасиетіміз. Қазақтығымыздың басты белгісі қазақша сөйлеу емес пе. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: *«Жиырмасыншы ғасырға шейін түрік тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті»*, -деп жазады. Тіл қаруы – сөз. Тіл – әдеп басы. Демек, ағайын-ау, сөзің - өзің емес пе. Ендеше, бүгінгі қоғамдағы тіл тазалығын сақтауды ескеру, сөйлеу мәдениетінің құлдырауына мысқал да жол бермеуге баса басымдық жасау – парыз іс. Осы бағыттағы соны зерттемелерді, тың талдамаларды қаржылай қолдау – кейінгі ұрпаққа қажет мол қор жасауға алғышарт.

- *Тіл – ақылдың өлшемі*. Елбасы айтады: *«Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек»* деп. Демек, еліміздегі мектеп оқулықтары тілінің сапалығы да – бүгінгі аса ауқымды мәселе қатарында.

- *«Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың»*. Елбасы айтады: *«Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұратын атауларды да өзгерту керек»* деп. Өкінішке орай, бұл құбылыс қоғамымызда әлі сіресіп тұр, тоңы да жібіген жоқ. Бұған не себеп, не кедергі? Сана төмен бе, әлде етіміз үйреніп кетті ме? Әлде бұған бұрылар мұрша жоқ па, әлде мүмкіншілік кем бе?

- *Тілі екеудің ділі екеу*. Елбасы айтады: *«Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе – тіпті жақсы. Бірақ оны шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып көміп тастаса – ол кешірілмес күнә»* деп. Тілі бірді тілек, тілі басқаны жүрек қосарын ескерсек, қазіргі тұста әр қазақ үшін үш тілді меңгеру – бұл өз игілігіңнің кепілі екенін ескеру де маңызды.

- *Тіл – ұлттың жаны, ойдың шындығы, көңілдің тілмашы, елшінің қылышы*. Елбасы айтады: *«Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайсарлығы... Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп, зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді. Азаматынан айырылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді? Қасиетті бабаларымыз – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді»* деп. Мәселен, *«Ел ебелек емес, ер көбелек емес»* деп, аузымен құс тістеген қаһарлы қалмақ ханының алдына тайсалмастан шығып, *«Біз қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт қашпаса деп, Жерімізді жау баспасын деп, Найзамызға үкі таққан елміз. Жау аяғына басылмаған елміз, Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан намыс асырмаған елміз...»* деп келетін халық сөзін айтқан 15 жасар Қазыбек сынды ұлт ұлын еске алайық. Бұл ел рухын шыңдап, халықтық қаһармандықты шырықтыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың әлі де молынан қажеттілігін айғақтайды.

- Елбасының парасат-пайымына бойлай айтсақ, *тіл мәселесі – аса күрделі де жауапты мәселе*. Асығатын да, аптығатын да, тіпті ретін тауып саяси ұпай жинап қалатын да жер бұл емес. Бұл орайда науқаншылдыққа да орын болмауы тиіс. Басқалардан қалып қоймайық деп қазірше қолдан келмейтін, тек қоғамды әуре-сарсаңға түсіргеннен басқа ештеңе бермейтін жартыкеш жарымжан жоспарларды, баянсыз бағдарламаларды қою керектігін басты кредо тұтпасқа болмас. Жалпы білім беру, ағарту, тілді үйрету, меңгерту, тілдік дағды қалыптастыру мәселелері ғылымда салған жерден бола қалмайды, алдын ала эксперимент нәтижесінде ғана ғылыми негізделіп, өрісі кеңеймек. Олай болса, тілді оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы

Елтұтқа

Нардғың жүзін көтерер қайталанбас ұлт тұлғасы

Тұңғыш Президент күні еліміздегі еңселі де мерейлі мереке ретінде өзін елінің патриоты санайтын әрбір тұлғаның кеудесін қуанышқа толтырады, мерейін тасытады. Қазақ елі Тәуелсіздігінің көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтеріп, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қауымдастыққа танытқандығына халқымыз куә.

2011 жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қар-саңында бір топ қоғам қайраткерлері 1 желтоқсанды Тұңғыш Президент күні ретінде мемлекеттік мерекелер санатына қосу туралы бастама көтерген-ді. Ұсыныстың мәні Тұңғыш Президенттің дәл осы 1 желтоқсанда сайланып, Қазақстан Республикасында Президенттік институтқа қадам дәл осы күні жасалуымен түсіндірілді. Осылайша «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға тиісті қосымша енгізіліп, 1 желтоқсан ресми негізде Тұңғыш Президент күні ретінде белгіленді. Бұндай халықтық мереке әлемде бар үрдіс екендігін де айрықша атап көрсету орынды. Бұған Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Ата заңын, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қорғаушы ретіндегі рөлі негіз ретінде алынған. Шын мәнінде, Елбасының елімізді аяғына нық тұрғызып, әлемге танытудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Қазақ елі өз Елбасымен мақтанады. Елге танымал марғасқа ғалымдар сөзіне сүйене айтар болсақ, бүгінгі Елбасына берілген халықтық баға аса жоғары. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев – ұлттық дәстүрдің уызына жарыған, халқының күллі қадір-қасиетін бойына жиған, тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін жете білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, жұртшылықты алақанына салып аялайтын, сенімін, үмітін ақтай алатын, ел тағдырына жауап бере алатын Азамат; Бар қазақты бауыр тұтып, басынан сипай алатын мейірімді Жанашыр; Қар жауса, күрек, жел тұрса, тірек бола алатын халықтың Қамқоршысы, Қызметшісі; Ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын, әдептен аттамайтын, ешкімді бөліп-жармайтын, халқының мұңдасы, Тағдырласы; Ол қорыққанда – қорған, тарыққанда – пана, зарыққанда – сана бола білетін, ел таныған, көпшілік мойындаған, мінезге бай, антқа адал, сертке берік, пейілі кең қазақ халқының шын Перзенті; Ел басына күн туса ауыздықпен су ішетін, етікпен су кешетін; туған жерін, Отанын қызғыштай қорғайтын, көзінің қарашығындай сақтайтын; іске алымды, сөзге шалымды, бүгінгісін оза ойлайтын, ертеңін дұрыс болжайтын көреген Көсем; Адамзат тарихын, дін тарихын, қоғамның, мемлекеттік даму заңдылықтарын, әлемдік үрдісті жетік білетін, оны жүзеге асыра алатын Іскер; Қазақстанды озық елдердің қатарына қоса алатын, нардың жүгін көтеретін қайталанбас Қайраткер; Халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылған, өркениетті елдердің басшыларымен терезесі тең, сөйлескенде сөзі асатын, егескенде еңсесі басатын, елдескенде мейірімін шашатын ауызы дуалы Саясаткер. Берілген бұл баға - тұжырымдарға ел куә. Оған дәлел де жеткілікті.


Демек, Нұрсұлтан сынды Елбасыға тән қасиеттер бойынан түгел табылатын, яғни, төселген көнігі саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі, ғалым, кекшіл емес, текшіл, жікшіл емес, көпшіл, жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім менің – өзегім менің дейтін Азаматымыздың – Қазақ елінің Тұңғыш Президенті болғанына мақтанамыз. Бұл – ұлттық құндылық, ұлттық мақтаныш! Лайым, тұлғамыздың жолы ашық болғай, ұзақ ғұмырлы болғай, тіл көзден сақтағай, сүзгіден өткендей сүбелі істерінен сүріндірмегей!

үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Елімізде тұратын әрбір азаматтың осындай ғылыми көзқарастың қажеттілігін айқын ұғынып, қолдарына дау жоқ.

Қысқасы, *жақсылық та, жамандық та тілден. «Тіземнен сүріндірсең сүріндір, тек тілімнен сүріндірме» демей ме атам қазақ. «Аз сөйлер де, көп тыңдар қас асылдың баласы»* деп Махамбет бабамыз айтқандай, ұлт Тәуелсіздігін кемелдендіру, ел көсегесін көгерту, тіл мәртебесін арттыру жолында ұлтжанды ұлдардың ісі бітер ме. Бүгінгі таңда сөзден жаңылып, ізден адасатын ретіміз жоқ. Себебі небір қиын да күрделі кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған *қазақ тілі* – бүгінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың таптырмас тегеурінді тетігі.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Батыс Қазақтан облысы бойынша «Үш қоңыр» Республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің меншікті тілшісі, «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері



Жүлделер

Халықаралық «Музыка души» атты вокал сайысынан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультетінің I курс студенттері Айдар Кубаев пен Нурдаулет Сағынтай жұлделі II орынды иемденді. Жетекшісі - Бисекова Камила Ерболатовна.

Студенттерімізді жүлделерімен құттықтаймыз!

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС

Университетімізде шағын футболдан факультетаралық жарыс ұйымдастырылды. Жарыс жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілді.


Тартысқа толы ойын нәтижесі бойынша Физика-математика факультеті 3-орынды, Жаратылыстану-география факультеті 2-орынды иеленді. Ал Филология факультетінің жастары жүзден жүйрік болып озып алға шығып, 1-орынға ие болды.



Пікірсайыс – ой додасы

2 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінің студенттеріне «Пікірсайыс-ой додасы» тақырыбында семинар-тренинг өткен болатын. Семинар барысын Сүлейменов Мergen Қуанышұлы жүргізіп, пікірсайыстың қыр-сырын ашып көрсете білді.

Тренинг барысында пікірсайыс дегеніміз, оның басты қағидаттары мен шарттары сынды сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар аудан, облыс көлемінде зор жетістікке жетіп жүрген «Ақиқат» пікірталас клубының жетістікке жету жолдары мен құпиясы сөз болды. Пікірсайысқа деген қызығушылығы бар студенттер тренингте көкейіндегі сұрақтарын қойып, одан әрі білімін жетілдірді. Сөз соңында Мergen Қуанышұлы пікірсайысқа қатысуға ниеттілерді өз тобына қосылып, үздік пікірсайысшы болуға шақырды.



Құттықтаймыз!

5 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, спортшы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұбанышқали Жәрдемұлының туған күні.

Жұбанышқали Жәрдемұлы, сізді туған күніңізбен құттықтай отырып, деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын!

1952 жылы Орда өңірінде дүниеге келген Жұбанышқали Жәрдемұлы 50 жылға жуық ғұмырын спортқа арнады. Кезінде аса жеңіл салмақта самбодан талай одақтық жарыстарға қатысып, ел намысын қорғап, КСРО спорт шебері атанды. А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультетін 1977 жылы бітірген ол алғашқы еңбек жолын самбо күресі бойынша жаттықтырушы қызметінен бастады. Он жылға жуық уақыт талай жасөспірімді самбо күресіне баулыған Жұбанышқали Садырұлы 1986 жылы өзі білім алған жоғары оқу орнына ұстаздық қызметке шақырылды. Алғашында аталмыш институттың дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, кейін дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Жұбанышқали Жәрдемұлы баптаған Асқар Шайхиев пен Қоныс Жетпісов



самбодан әлем чемпионы, әлем кубогының жеңімпазы болса, тағы 6 шәкірті халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 25-тен астамы КСРО және ҚР спорт шебері атанып, үшеуі ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағын алды. Спорт саласына сіңірген еңбегі үшін Жұбанышқали Садырұлына 2005 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті атағы берілді. Сондай-ақ ол – ҚР құрметті спорт қайраткері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

«Өркен» газеті



Құрметті Гүлсара Кенжайқызы!

М. Өтемісов атындағы БҚУ ғылыми кітапхана ұжымы Сізді 50 жас мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақыт тілейді.

Гүлсара Кенжайқызы 1989-1991 жылдары Орал мәдени-ағарту училищесінің «Кітапхана ісі» мамандығын, 2006 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Кітапханатану және библиография» факультетін тәмамдады.

Кітапханалық еңбек жолын 1991-1997 жылдары Чапаев аудандық орталықтандырылған кітапханада кітапханашы қызметін атқара келсе, 2005 жылдан бастап қазірге дейін университетіміздің ғылыми кітапханасында абыроймен жұмысын атқаруда.

Оқырмандармен тез тіл табысып, жұмыс жоспарына сай еңбек етеді. Өз ісіне деген қызығушылығы, икемділігі, кітапханатану саласындағы білімі жоғары сатылардан көрініп, кітапхана жұмысын жандандырып, қыры мен сырын игеруге, оқырмандарға мәдениетті де, сапалы қызмет көрсетуге жұмыстануда. Адал еңбек етіп магистранттар, студенттердің алдында беделді. Университеттегі барлық профессор-оқытушылар құрамын, қызметкерлер мен студенттерді әр саладағы оқулықтармен қамтамасыз етеді. Барлық білім саласы бойынша алынған әдебиеттер жүйелі түрде қорға енгізіліп, оқырмандарға насихаттайды. Әр тақырыпқа сай айтулы күндерге арналған кітап көрмелері сұранысқа сай



жасақталып, университет оқытушылары мен студенттер сұранысына ие болуда. Кітапхана қорын сақтау мақсатында жүргізілген көшіру жұмыстары кезінде белсенділік танытып, айтарлықтай істер атқарды.

Гүлсара Кенжайқызы отбасында сыйлы, екі бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырған үлгілі ана.

Ғылыми кітапхана ұжымы

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 2185

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Аида ОРАЗОВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,

Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,

Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсеп

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru